

Павлодар облысы білім беру басқармасы,
Павлодар қаласының білім беру бөлімінің
«Павлодар қаласының № 2 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Ахметжанова Сандуғаш Маконовна

Педагог-психолог

**«ДЕЗАДАПТИВТІ ОТБАСЫЛАР. ДЕЗАДАПТИВТІ
ОТБАСЫЛАРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕМЕСІ»**

Павлодар

2025

**«Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі» КММ,
педагог-психолог Сандугаш Маконовна Ахметжанованың
«Деадаптивті отбасыларының психологиялық-педагогикалық
ерекшеліктері» атты әдістемелік құралға**

РЕЦЕНЗИЯ

1. Жұмыстың өзектілігі

Зерттеу жұмысы қазіргі қоғам үшін аса маңызды және көкейкесті мәселеге арналған – деадаптивті (сәтсіз) отбасылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау және олардың бала тәрбиесіне әсерін талдау.

Қазіргі кезеңде отбасы институтындағы дағдарыстар, ажырасулардың көбеюі, әлеуметтік жетімдіктің артуы сияқты құбылыстар білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбының өзектілігі өте жоғары. Автор қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық үдерістерді талдай отырып, білім беру мекемелерінде ата-анамен, отбасымен жұмыстың маңызын айқын көрсеткен.

2. Инновациялық және педагогикалық құндылығы

Зерттеу жұмысы отбасындағы қарым-қатынастарды диагностикалау мен түзетудің тиімді әдістерін қамти отырып, педагогикалық тәжірибеге жаңа көзқарас ұсынады.

Автор қолданған әдістемелер (Филлипс тесті, Басса–Дарки сауалнамасы, ата-аналық қарым-қатынас диагностикасы және т.б.) бір-бірімен үйлестіріліп, нақты практикалық ұсыныстар жүйесін құрайды. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған психокоррекциялық бағдарлама педагогтер мен психологтардың тәжірибесіне енгізуге болатын жаңашыл бағыт болып табылады.

3. Ғылыми және әдіснамалық негіздемесі

Жұмыс ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан дұрыс құрылған. Зерттеу теориялық тұрғыда А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, А.Я. Варга, Э.Г. Эйдемиллер, Ю. Гиппенрейтер сияқты ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді.

Теориялық және практикалық бөлімдердің өзара байланысы сақталған, зерттеу логикасы ғылыми талаптарға сәйкес келеді. Әдістемелік құралдар дұрыс таңдалған және нәтижелер нақты талданған.

4. Практикалық маңыздылығы

Зерттеу нәтижелері білім беру мекемелерінде педагогикалық ұжымдар мен психологтар үшін нақты әдістемелік көмек көзі бола алады.

Ұсынылған психокоррекциялық және психотерапиялық бағдарлама деадаптивті отбасылардағы балалармен жұмыс жүргізуде қолдануға тиімді. Бұл құралды мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар және сынып жетекшілер тәжірибесінде пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелерін өңірлік

немесе республикалық деңгейдегі әдістемелік семинарлар мен тренингтерде таратуға мүмкіндік бар.

5. Жұмыстың рәсімделуі

Жұмыс құрылымдық және мазмұндық жағынан талаптарға толық сәйкес орындалған. Материалдың логикалық байланысы сақталған, бөлімдердің реті дұрыс, мазмұны нақты және жүйелі баяндалған. Ғылыми стиль сақталған, грамматикалық және орфографиялық қателер кездеспейді.

6. Қорытындылар мен ұсынымдар

Зерттеу мазмұны терең, ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан құнды. Автор тақырыптың мәнін аша отырып, нақты қорытындылар мен тиімді ұсынымдар ұсынған.

Жұмысты педагогикалық тәжірибеге енгізуге, әдістемелік құрал ретінде пайдалануға және басқа мамандар арасында таратуға толықтай болады.

Рецензент:

PhD докторы,

«Торайғыров университеті» КЕАҚ

қауымдастырылған профессоры

М.Е. Нурғалиева

Күні: _____

2025 ж.



Көшірме дұрыс. Мектеп
Басшысы: Т.Ж. Бейсбаева

**"Павлодар қаласының №2 жалпы орта білім беру мектебі" КММ,
Ахметжанова Сандугаш Маконовна
«Деадаптивті отбасыларының психологиялық-педагогикалық
ерекшеліктері» тақырыбындағы**

РЕЦЕНЗИЯ

1. Жұмыстың өзектілігі

Зерттеу жұмысы қазіргі қоғам үшін аса маңызды және көкейкесті мәселеге арналған – деадаптивті (сәтсіз) отбасылардың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін анықтау және олардың бала тәрбиесіне әсерін талдау.

Қазіргі кезеңде отбасы институтындағы дағдарыстар, ажырасулардың көбеюі, әлеуметтік жетімдіктің артуы сияқты құбылыстар білім беру жүйесіне де өз ықпалын тигізіп отыр. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу тақырыбының өзектілігі өте жоғары. Автор қоғамдағы әлеуметтік-психологиялық үдерістерді талдай отырып, білім беру мекемелерінде ата-анамен, отбасымен жұмыстың маңызын айқын көрсеткен.

2. Инновациялық және педагогикалық құндылығы

Зерттеу жұмысы отбасындағы қарым-қатынастарды диагностикалау мен түзетудің тиімді әдістерін қамти отырып, педагогикалық тәжірибеге жаңа көзқарас ұсынады.

Автор қолданған әдістемелер (Филлипс тесті, Басса–Дарки сауалнамасы, ата-аналық қарым-қатынас диагностикасы және т.б.) бір-бірімен үйлестіріліп, нақты практикалық ұсыныстар жүйесін құрайды. Зерттеу нәтижесінде ұсынылған психокоррекциялық бағдарлама педагогтар мен психологтардың тәжірибесіне енгізуге болатын жаңашыл бағыт болып табылады.

3. Ғылыми және әдіснамалық негіздемесі

Жұмыс ғылыми және әдіснамалық тұрғыдан дұрыс құрылған. Зерттеу теориялық тұрғыда А.Н. Леонтьев, Д.Б. Эльконин, А.Я. Варга, Э.Г. Эйдемиллер, Ю. Гиппенрейтер сияқты ғалымдардың еңбектеріне сүйенеді.

Теориялық және практикалық бөлімдердің өзара байланысы сақталған, зерттеу логикасы ғылыми талаптарға сәйкес келеді. Әдістемелік құралдар дұрыс таңдалған және нәтижелер нақты талданған.

4. Практикалық маңыздылығы

Зерттеу нәтижелері білім беру мекемелерінде педагогикалық ұжымдар мен психологтар үшін нақты әдістемелік көмек көзі бола алады.

Ұсынылған психокоррекциялық және психотерапиялық бағдарлама деадаптивті отбасылардағы балалармен жұмыс жүргізуде қолдануға тиімді. Бұл құралды мектеп психологтары, әлеуметтік педагогтар және сынып

жетекшілер тәжірибесінде пайдалануға болады. Зерттеу нәтижелерін өңірлік немесе республикалық деңгейдегі әдістемелік семинарлар мен тренингтерде таратуға мүмкіндік бар.

5. Жұмыстың рәсімделуі

Жұмыс құрылымдық және мазмұндық жағынан талаптарға толық сәйкес орындалған. Материалдың логикалық байланысы сақталған, бөлімдердің реті дұрыс, мазмұны нақты және жүйелі баяндалған. Ғылыми стиль сақталған, грамматикалық және орфографиялық қателер кездеспейді.

6. Қорытындылар мен ұсынымдар

Зерттеу мазмұны терең, ғылыми және тәжірибелік тұрғыдан құнды. Автор тақырыптың мәнін аша отырып, нақты қорытындылар мен тиімді ұсынымдар ұсынған.

Жұмысты педагогикалық тәжірибеге енгізуге, әдістемелік құрал ретінде пайдалануға және басқа мамандар арасында таратуға толықтай болады.

Қорытынды баға: жұмыс жоғары деңгейде орындалған, ғылыми және практикалық құндылығы бар, қорғауға және таратуға ұсынылады.

Рецензент: Шегір Саягүл Жұмаділқызы

Павлодар қаласының «Мәшһүр Жүсіп

атындағы жалпы орта білім беру мектебі»

Педагог-психолог, педагог-зерттеуші

Мектеп басшысы:

Қолы:

Күні:

 **Т.Қаирбекқызы**

   **2025 ж.**

Түсіндірме жазба

Өзектілігі: Қазіргі таңда отбасы бірлігі, отбасы татулығы басты және көкейкесті тақырыптарының бірі болып есептеледі. Себебі еліміздің бірлігі, ең алдыменен отбасы бірлігінен басталады. Бақытты балалық шақ пен алаңсыз қарттық – әрбір шаңырақтың шаттығы. Отбасы береке-бірліктің қайнар көзі. Отбасының бірлігі – отанның бірлігі. Ағайынның татулығы – атамекеннің тұтастығы.

Біз әкені асқар тауға балаған, «жұмақ – ананың табанының астында» деп анасын сыйлаған, «бала – бауыр етің» деп ұрпағына айрықша қамқорлықпен қараған, біз жаугершілік заманның өзінде жетімін жылатпаған, жесірін қаңғытпаған еліміз. Ата-анасын қарттар үйіне тапсыратын қатыгез ұрпақ, баласынан жеритін көкек ана бізде ешқашан болмаған. Бұл – біздің дәстүрімізге қайшы, салтымызда жоқ қарекет. Ата-анаға құрметпен қарап, алаңсыз қарттық сыйлау, ұрпаққа қамқорлық жасау – әрбір адамның қасиетті борышы.

Жұмыстың мақсаты: дезадаптивті отбасыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін тиісті әдістер арқылы анықтау.

Жұмыстың міндеттері:

- отбасы түрлері және оның қызметтеріне психологиялық және педагогикалық сипаттама беру;
- дезадаптивті отбасыларының психологиялық және педагогикалық ерекшеліктерін анықтау;
- дезадаптивті отбасыларының ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістемелерді іріктей отырып анықтау;
- алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жасап, дезадаптивті отбасыларға арналған психокоррекциялық және психотерапиялық бағдарлама құрастыру.

Зерттеу нысаны заты: Тәрбиелеу. Диагностика. Кеңес беру. Дамыту-түзету.

Жаңашылдығы мен инновациялық сипаты:

Қазіргі қоғамда бұл бағыттағы әдістемелердің жаңашылдығы мен инновациялық сипаты отбасылармен жұмыстың кешенді, тұлғалық-бағдарлы және цифрлық технологияларға негізделген тәсілдеріне байланысты.

Дезадаптивті отбасылармен жұмыс істеудің жаңашылдығы — тек көмек көрсету емес, отбасының өзін-өзі дамыту әлеуетін арттыруға бағытталуында. Инновациялық әдістемелер цифрлық технологияларды, психологиялық

құралдарды және әлеуметтік серіктестікті біріктіре отырып, отбасылардың өмір сапасын кешенді түрде жақсартуға мүмкіндік береді.

Теориялық негізі: Отбасы және дезадаптивті отбасыларының теориялық негіздері және отбасы түрлері мен оның қызметтерін, дезадаптивті отбасыларының психологиялық және педагогикалық ерекшеліктері теориялық бөлімде толық ашылып қарастырылды.

Әлеуметтік дамудың жалпыұлттық тұжырымдамасы: Қазақстан Республикасын әлеуметтік дамытудың 2030 жылға дейінгі жалпыұлттық тұжырымдамасы.

Педагогикалық-әлеуметтік порталдарда «Работа с неблагополучными семьями» атты материалдар бар, әлеуметтік педагогика тұрғысынан отбасымен жұмыс тәжірибесін қарастырады. [11,3786].

Тәжірибе мазмұнының қысқаша сипаттамасы: дезадаптивті отбасыларының ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістемелер іріктеп, алынған нәтижелерге сандық және сапалық талдау жасалып, дезадаптивті отбасыларға арналған психокоррекциялық және психотерапиялық бағдарлама құрастырылды.

Күтілетін нәтижелер және практикалық маңыздылығы: Дезадаптивті отбасылармен жүйелі және ғылыми негізделген әдістемемен жұмыс істеу нәтижесінде төмендегідей нәтижелер күтіледі: Отбасылар әлеуметтік ортаға жақсырақ бейімделеді, қоғаммен өзара әрекеттесу дағдылары қалыптасады; Отбасылық рөлдер мен жауапкершіліктер қайта бөлініп, үйлесімді қатынас қалыптасады; Балалар мен ата-аналардың өзара сенімі артады; Балалардың әлеуметтік және мінез-құлықтық бейімделуі жақсарады.

Дезадаптивті отбасылармен жұмыс әдістемесінің практикалық құндылығы — ол тек теориялық негіз емес, нақты өмірде қолдануға болатын тәжірибелік құрал болып табылады. Отбасымен жұмыс жүргізудің нақты алгоритмдері мен кезеңдері ұсынылады (диагностика, жоспарлау, түзету, мониторинг); Отбасыларға бағытталған әлеуметтік бағдарламаларды жетілдіруде әдістемелік база ретінде қолданылады; Мектептегі әлеуметтік педагог, психолог және сынып жетекшілердің жұмысын жүйелеуге негіз болады; Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға үлес қосады. . [22, 986].

Қорытынды: Дезадаптивті отбасылармен жұмыс істеу әдістемесі — бұл тек көмек көрсету құралы емес, отбасылардың өзін-өзі дамыту әлеуетін жандандыратын, әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ететін инновациялық жүйе.

Оның нәтижесінде:

- отбасылардың өмір сапасы жақсарады;
- балалардың тұлғалық дамуы қамтамасыз етіледі;
- қоғамда әлеуметтік үйлесімділік пен тұрақтылық нығаяды.

Оқу-тақырыптық жоспар

№	Тақырып	Сағат саны	Сабак түрі	
			теориялық	практикалық
Бөлім 1: Жалпы психодиагностика жүргізу.				
1.	«Танысу» балаларға арналған тренинг.	2	+	
2.	«Танысу» ата-аналарға арналған тренинг.	2		+
Бөлім 2: «Тұрмыстық зорлық-зомбылық.				
1.	Баланың тұлға реінде дамуына тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әсері»	2		+
2.	«Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері» балалар мен ата-аналарға арналған семинар-лекциялар.	2	+	
Бөлім 3: Өзін-өзі тану.				
1.	Мен кімін? Шын мәнінде мен қандаймын?» балаларға арналған тренинг.	2	+	
2.	«Жасөспірімдердің әкімшілік жне қылмыстық жауапкершілігі» ата-аналарға арналған лекциялар.	2		+
Бөлім 4: «Агрессия. Жанжалсыз қарым-қатынас ережелері.				
1.	«Дау-дамайлар мен оларды шешу жолдары» балаларға арналған тренинг.	2		+
2.	«Отбасындағы дау-дамайлар. Жасөспіріммен жанжалсыз қарым-қатынас жасау ережелері» ата-аналаға арналған семинар-лекциялар.	3	+	
Бөлім 5: «Отбасы тәрбиесінің стилі».				
1.	«Сенімді және сенімсіз тәрбие» оқушыларға арналған тренинг.	2	+	
2.	1. «Отбасындағы дағдарыс», «Ата-ана	3		+

	күқығынан айыру» аа-аналарға арналған лекция.			
Бөлім 6: «Менің әлсіз жерлерім».				
1.	«Менің проблемаларым» балаларға арналған тренинг.	2		+
2.	«Мен сені түсінемін. Өзара көмек» балаларға арналған тренинг.	2	+	
Бөлім 7: «Әлеуметтік тұрмыс үй».				
1.	«Ресімдеу тәртібі» ата-аналарға арналған семинар-лекция.	2	+	
2.	«Балалары бар отбасыларға мемлекеттік жәрдемақылар» ата-аналарға арналған лекциялар.	2		+
Бөлім 8: «Өзін-өзі қолдау».				
1.	«Менің өмірімдегі жұлдызды карта» балаларға арналған тренинг.	2		+
2.	Қорытынды психодиагностика.	2	+	
	Сағат саны	34		

1 Отбасы және дезадаптивті отбасыларының теориялық негіздері

1.1 Отбасы түрлері және оның қызметтері

Отбасы – белгілі бір әлеуметтік нормалар, санкциялар, мінез-құлық, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын әлеуметтік институт болып табылады.

Жыл сайын 1 миллионға жуық бала бір ата-анасымен қалып қояды, мемлекет бойынша толық емес отбасы үлесі 20 % құрайды, сондай-ақ, ең қауіпті қатер – жасөспірімдер қолымен жасалып жатқан қылмыстар көбейіп жатыр. Сондықта да, заманауи қоғамда жәрдем беретін объектілердің бірі отбасы болып табылады. Сонымен қатар, отбасы мен мемлекет қарым-қатынастарын реттейтін құқықтың көптеген формалары отбасы мен қоғамның жаңашыл талаптарына сәйкессіздігінен қарама-қайшылықтар туындайды [4,36].

Отбасы-белгілі бір әлеуметтік нормалар, санкциялар мінез-құлық (жүріс-тұрыс), құқық және міндеттер үлгілермен, ерлі-зайыптылар, ата-аналар мен балалар арасындағы қарым-қатынастарды реттеушілікпен сипатталатын әлеуметтік институт болып табылады.

Отбасылар қоғамдық басқа да институттар іспетті белгілі бір функциялар атқарады. Отбасының функциясы дегеніміз оның белгілі бір әлеуметтік салдары бар қызметі. Өзге институттардың атқаратын міндеттерінен мұны жеке-дара бөліп көрсету үшін отбасы қызметін ерекшелікті және ерекшеліксіз деп ажыратады. Отбасының ерекшелікті қызметтері оның отбасылық мәнінен келіп шығады және қоғамдық құбылыс ретінде отбасының ерекшеліктерін бейнелейді, ал ерекшеліксіз қызметтер белгілі бір тарихи жағдайға орай еріксізден немесе бейімделуден туындайтын отбасының міндеттері. Отбасының ерекшелікті қызметтеріне:

- халықтың ұдайы өсіп-өнуі, яғни дүниеге нәресте әкелу;
- балаларды асырап, сақтау (экзистенциалды);
- балаларды тәрбиелеу (әлеуметтендіру) жатады.

Бұл қызметтер қоғамның әр дәуірде өзгерістерге түсінуіне қарамастан отбасының ертеден келе жатқан міндеттері болып саналады.

Отбасының ерекшеліксіз қызметтері жеке меншіктің жинақталып қорлануы мен оған ие болу жөніндегі статусы, өндіріс пен тұтынуды, үй шаруашылығын жүргізу мен демалуды ұйымдастыруды, отбасы мүшелерінің денсаулығы мен амандығын қамқорлық, микроахуал жасауды қамтиды. Бұл қызметтердің бәрі отбасы мен қоғам арасындағы байланыстың тарихи сипатын көрсетеді, отбасындағы нәрестенің дүниеге келуі, оның күтімі мен тәрбиесінің қалай жүретіндігі назардан тыс қалмайды.

Сондықтан отбасындағы өзгерістер әр түрлі тарихи кезеңдегі олардың ерекшеліксіз қызметтерін салыстырудан байқалады. Айталық, жаңа бір жағдайға орай қызмет түрлері де модификацияланады, шеңберін тарылтады немесе кеңейтеді, толық немесе жартылай іске асады, тіптен жойылып кетуі де мүмкін.

Шынайы өмірінде адамдар арасындағы өзара қарым-қатынастар әр түрлі қалыптасады, түрлі тұрпатты отбасылары болады. Туыстық байланыстардың құрылымдарына қарай қарапайым (нуклеарлы) және күрделі отбасылары қарастырылады. Балалы немесе баласыз ата-аналары ғана бар отбасы нуклеарлы отбасы деп аталады (нуклеарлы, латынша nucleus-өзек) дегенді білдіреді. Нуклеарлы отбасы толық немесе балалары мен бір ғана ата-анасы бар толық емес болуы мүмкін. Отбасының толық болмайтын себебі: ажырасу, жесір қалу немесе ананың некесіз бала тууы. Үш (не одан көп) ұрпақтан құрылған отбасы, яғни ата-әжесі, олардың жұбайлары бар ер жеткен балалары, немерелері бар отбасын күрделі, кеңейтілген отбасы деп атайды. Өзара туыстық және ортақ шаруашылық арқылы байланысқан бірнеше нуклеарлы отбасын да күрделі отбасы деп атайды [5,46].

Қоғам тұрақты өзгеріп отырады, онымен бірге отбасылық қарым-қатынастың сипаты мен түрлері, отбасы мүшелерінің рөлі мен функцияларына деген көзқарастар өзгереді. Бірқатар факторалар (отбасында біріккен еңбектің болмауы, ата-ана мен балалардың одағы ретіндегі отбасының өзгеруі, ерлі зайыптылар байланысының әлсіздігі) отбасы беріктігінің төмендеуіне, жайсыз отбасыларының пайда болуына, отбасының әлеуметтік институт ретіндегі тұрақсыздығына әкеп соғады. Америкалық белгілі әлеуметтанушы В. Сатир барлық отбасын: жайлы отбасы және жайсыз отбасы деп екі топқа бөледі [6].

Отбасы бірқатар әлеуметтік функциялары орындайды, оларды спецификалық және спецификалық емес функциялар деп бөлуге болады. Спецификалық функциялар отбасының әлеуметтік институт ретіндегі маңызынан және өзіне ғана тән функцияларды орындауынан туындайды. Спецификалық емес функциялар – отбасымен қатар басқа да әлеуметтік институттар орындайтын функциялар. Спецификалық функцияларға репродуктивті (бала туу), экзистенциальды (баланы бағып-қағу), бастапқы әлеуметтану (бала тәрбиелеу) функцияларды жатқызылады. Спецификалық емес функцияларға меншікті жинақтаумен және берумен (экономикалық), әлеуметтік мәртебені мұраға алумен (аскриптивті) байланысты, өндірісті (өндірістік) және тұтынуды (тұтынушылық), демалуды және тынығуды (реакциялық) ұйымдастырумен, отбасы мүшелерінің денсаулығы мен әл-ауқаты жайлы қамқорлықпен байланысты функциялар жатқызылады [10,2396].

Соңғы жылдары күрделі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарды бастан кешпеген экономикалық қуатты елдерде отбасылардың өміріндегі айтарлықтай проблемалар байқалады. Отбасылық өмірдің тұрақсыздығы,

ең алдымен, ажырасу санының өсуі арқылы көрініс береді. Ажырасу деңгейіне қоғамдағы экономикалық жағдайдың, әлеуметтік-мәдени және құқықтық нормалардың, діни және тарихи ұстанымдардың, ұлттық-психологиялық ерекшеліктер мен салт-дәстүрлердің, демографиялық ахуалдың айтарлықтай ықпал ететінін айта кеткен жөн. Ауылдық елді мекендермен салыстырғанда отбасылық мінез-құлықты әлеуметтік бақылау төмен қалаларда ажырасу коэффициенті айтарлықтай жоғары болады, сондықтан халықтың шоғырлануы жоғары елдерде ажырасу деңгейі де жоғары болады [7,4396].

Бала туудың жалпы қысқаруымен қатар, балалардың өз ата-аналарының некелерінен тыс, яғни некесіз туу үлесі артып келеді. Бір жағынан мұны моральдық нормалардың сыртқы әсерінің әлсіреуінен және некесіз балаларға деген неғұрлым ықтиярлы қарым-қатынас қалыптасуынан деп түсіндіруге болады [8,876].

Отбасының айтарлықтай әлеуметтік проблемалары – бір жағынан жұмыспен қамтылу жағдайы мен жұмыссыздық проблемасы болса, екінші жағынан әйелдердің жұмыспен қамтылуы және олардың қосарлы жұмысбастылығы проблемасы. Әйелдердің қосарлы жұмысбастылығы дегеніміз, яғни олардың қоғамдық еңбекке араласуы мен негізінен үйіне және отбасына тұрмыстық қызмет көрсету жөніндегі міндеттері, бұл проблема ертеден танылып, зерттеліп келеді. Әйелдердің қоғамдық еңбекке толықтай дерлік тартылуы экономиканы дамыту қажеттіліктерінен туындады, дей тұрғанмен, ол 20 ғасырда әйелдердің отбасынан тыс салада өзін-өзі таныту мен өзін-өзі дамытуға ұмтылуынан да орын алды. Бұл үдерістің дүниежүзілік сипаты «мансапсыз» отбасындағы жұптар табысқа бейімделеді [9,1706].

Ең үлкен қиындық – ол балалардың дұрыс жыныстық рөлге сәйкестенуі мен бейімделуі. Бала өзін ұл немесе қыз, жігіт немесе бойжеткен, еркек немесе әйел ретінде анықтап ер жетеді және оның пікірінше сол жынысқа тән сипатта өз түсінігінің стереотипі мен мінез-құлқын қалыптастырады. Әйтсе де, әр түрлі саладағы адамдардың мінез-құлқындағы жыныстық рөлдің реңкі жеткілікті зерттелмеген, отбасылық өзара қарым-қатынаста ол қарама-қарсы түрде байқалады [15,586].

Өсіп келе жатқан еркек пен әйелдің мінез-құлқы түрлі стереотип белгілерінің бейберекет араласқан түрінде қалыптасады. Сондықтан өзінің отбасында олар барабар жыныстық рөлдік мінез-құлықты әрқашан көрсете алмайды; бұл жанжал тудырады да отбасы ажырасу шегінде болуы мүмкін. Ажырасып жатқан отбасының сәтсіздігі мен ата-аналар ұрпағы отбасының (немесе отбасыларының) сәтсіздігінің статистикалық мәні бар байланысы отбасылық бақытсыздықтың мұраға қалушылық қиялын жасауы мүмкін, бірақ ұрпақтағы балалардың өмірінде мұндай сюжеттің қайталануының негізгі себебі – олардың барабар емес жыныстық рөлдік әлеуметтенуі [9].

1.2 Дезадаптивті отбасыларының психологиялық – педагогикалық ерекшеліктері

Дезадаптивті (сәтсіз) отбасы – бұл негізгі отбасы қызметтер құнсызданған, құрлысы бұзылған, тәрбиенің құпия немесе нақты кемшіліктері бар отбасы.

Басым факторларды есепке ала отырып, сәтсіз отбасыларды өз ішінен тағы бірнеше топтарға бөлінетін екі ірі топқа бөліге болады.

Бірінші топты сәтсіздіктің тура сәтсіз екендігін айқындап тұратын формасы көрініп тұратын отбасылар құрайды. Олар: жанжалға жақын, проблемалық, бейәлеуметтік, қылмыстық және тәрбие ресурсы жеткіліксіз отбасылар.

Екінші топқа сырты көрінісінен қоғам жағынан үрей мен қауіп тудырмайтын сыйлы отбасы болып көрінгенімен, отбасындағы ата-аналар тәртібі мен дәстүрі осындай отбасында тәрбие алған баланың адамгершілік бейнесінде орын алады.

Дезадаптивті отбасының типтері. Ішімдікке тәуелді отбасылар. Психологтардың айтуы бойынша (Б. С. Братусь, В. Д. Москаленко, Е. М. Мастюкова, Ф. Г. Углов және т.б.), мұндай отбасындағы ересектер, ата-аналық міндеттерін естерінен шығарып, қоғам мен адамгершілік құндылықтарының жоғалуы мен әлеуметтік және рухани құлдырауына әкелетін толығымен «алкогольді субмәдениетке» енеді. Нәтижесінде, химиялық тәуелді отбасылар әлеуметтік және психологиялық сәтсіз отбасылар қатарынан орын алады.

Отбасы сәттілігінің жасырын формаларына жататын кейбір отбасы түрлеріне тоқталып өтейік:

Бала сәттілігіне бағытталған отбасылар. Ішкі сәтсіз отбасы түрлеріне балаларға жеткілікті деңгейде көңіл бөліп, сыртқы жағынан қарағанда қалыпты отбасы болып көрінетін отбасылар. Отбасы қарым-қатынасының барлық диапазоны балалардың жас және жеке ерекшеліктеріне байланысты өрістеледі. Ал нәтижесінде баланың өзіне және қоршаған ортасына қарым-қатынасты қалыптастырады [11,1126].

Өзара тату және өзара жанжалды отбасылар. Байланыстырушы, стереотипті, біріккен болып келетін отбасы деп аталатын отбасындағы нашар қарым-қатынасты суреттейтін бүркенішті сипатта жүретін, кейбір зерттеушілер оны гомеостаза деп атайды. Мұндай қарым-қатынастың ең танымал екі формасы белгілі – өзара тату және өзара жанжалды отбасылар[12,1056].

Отбасының сәтсіздігіне әкелетін әртүрлі себептер өзара байланысқан және өзара әсер етеді. Балаға кері әсер ететін отбасындағы сәтсіздіктің үш тобын бөліп көрсетуге болады:

- біріншіден, отбасына тікелей әсер етіп, оның тәрбиелік әлеуметін төмендететін әлеуметтік-экономикалық аясындағы дағдарыс құбылыстары;

- екіншіден, отбасындағы қарым-қатынас пен отбасындағы бала тәрбиесімен байланысты психологиялық-педагогикалық қасиеттердің себептері;
- үшіншіден, биологиялық сипатта (психикалық және тәні сырқат ата-аналар, отбасындағы дамуы төмен немесе мүмкіндігі шектеулі балалар).

Девиантты мінез-құлық дегеніміз – адамның әлеуметтік топтың ресми айқындалған немесе қоғамдағы нақты қалыптасқан нормаларға сай келмейтін әрекеттері. Демек, әлеуметтік норма нақты бір қоғамдағы мүмкін (ерік берілген немесе міндетті) мінез-құлықтың, адамдардың, әлеуметтік топтардың, әлеуметтік ұйымдардың әрекеттерінің тарихи қалыптасқан шегін, шамасын, ара қашықтығын анықтайды[13,2086].

Сонымен, Қазақстандағы кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың әлеуметтік бейнесі олардың 60,6 % өзін-өзі танытқысы келетінін және қалыпты өмір сүруге қажеттерге ие болғысы келетінін көрсетті, бірақ сауалнамаға жауап берушілердің 38,2 % осындай әл-ауқатқа қылмыстық жолмен қол жеткізуге әзір екенін білдірді [14,456].

Девиантты мінез-құлықтың көрсетілген макрофакторларының әсерін жастардың өзі де түрлі деңгейде ұғынады. Девиантты мінез-құлықтың факторы ретіндегі «қоғам-жастар» қайшылығын шешудің мүмкін екі үлгісі бар. Біріншісінің нәтижесінде жастардың бейімделгішітігі, шоғырланудың қоғам құндылықтарымен ортақ негіздерін табу арқылы бәтуаластыққа қол жеткізіледі. Екінші үлгінің көрініс беруі:

- 1) экпаизм түрінде, шындықтан кету, негізінен, ерікті түрдегі маргинализация, қоғамның жеке немесе топпен алшақтау (панасыздық, қаңғыбастық, тағы басқа) . Көбінесе, мұндай ерікті «шығу» бейімделгіштікке қарсылық ретінде әр түрлі контрмәдени құбылыстарда (сәнқой, т.б. сол сияқты құбылыстар) байқалады;
- 2) ашық қарсылық ретінде, яғни деликвентті немесе криминалды девиация түрінде көрініс береді [15]. Бірінші үлгі тұрақты қоғамда, ал екінші үлгі өтпелі қоғамда басым болады.

Сондай-ақ, балалар мен ата-аналардың арасындағы отбасы байланысын үзілуіне:

- ата-аналардың шамадан тыс уақытының болмауы;
- отбасындағы жанжалдар;
- ата-аналардың маскүнемдігі;
- балаларға қатыгездік көрсету (психологиялық, сексуалды күш көрсету);
- отбасындағы қалыпты эмоционалды жағдайдың қалыптасуы;
- балалар тәрбиесіндегі ата-аналардың жасайтын қателіктері;
- жасөспірім жастың ерекшеліктері және т.б.

Девиантты мінез-құлық балалардың және ересектердің тәртібін бөліп шығарады. Батыста жасөспірімдердің қылмыстық әрекетін, «жасөспірімдердің деликвенттілігі» деп атайды; «деликвенттік» ересектердің қылмыстық әрекеттерімен ерекшеленеді. Басында жасөспірімдер бандалары Батыста пайда болған, Батысқа еліктеу негізінде

– Ресейде, Ресейге еліктеу-негізінде-Қазақстанда пайда болады. Кейбір бандалық топтарда жасөспірімдердің жетекшілері ересек ер 19–22 жасар жігіттер, 16–18 жасар банда мүшелері «қария», «жауынгер», ал 14 жасарлар – «қабықтар» деп аталады.

Әлеуметтік девианттық әрекеті түсіндірілетін әртүрлі теориялар да бар. Олардың ішінде төрт танымал теориялар кіреді.

Аномия теориясы. Француз әлеуметтанушысы Эмиль Дюркгейм аномия түсінігін енгізді. («заңды білмеу», «заңсыздық» деген мағынаны білдіретін грек сөзі). Дюркгейм аномия капиталистік қоғам үшін дұрыс жай деп санайды, онда барлығына бірдей мүмкіндік берілген, бірақ барлығы тең емес.

Мәдени тасымалдау теориясы. Француз әлеуметтанушысы Габриэль Тард (1843–1904 жж.) әлеуметтік еліктеу (имитация) теориясын құрды. Қылмысқа бейімділігі бар адамдар қылмыскерлерге еліктейді.

Конфликт теориясы. Бұл теория К. Маркстің жазған еңбектерінен басталады. Еңбек етуші адам капиталистік эксплуатацияның құрбаны болып табылады, өзі деген әділетсіздікпен күресу үшін, сол қоғаммен қақтығысқа ұшырайды.

Стигматизация теориясы. «Стигма» сөзі грек тілінен аударғанда «таңба» деген мағынаны білдіреді. Стигматизм теориясының жақтаушылары қақтығыс теориясына арқа сүйейді. Адамдар бір-бірімен конфликтерге, қақтығыстарға ұшырайды.

Отбасы мен күнделікті өмірде қылмыстық жағдайлардың көбеюі:

- отбасының ыдырауы;
- отбасында қылмыстық әрекет жасайтын адамның болуы;
- материалдық қиындықтар.

Жеке қарым-қатынаста қылмыстық жағдайларының көбеюі:

- тұтынушылық психология;
- тәртіпсіздік, ұятсыздық;
- адамның мәдениетінің төмен болуы.

Кезінде М. В. Ломоносов атындағы МГУ-дің әлеуметтану факультетінің екінші курс студенттері Е. А. Иванова мен С. А. Фролов Мәсеудің психиатриялық ауруханасында нашақор аурулармен әлеуметтік жұмыс өткізді. Олар жоғары қауіп-қатер мен наркотәуелді бала қалыптасатын отбасының 3 түрін бөліп көрсетеді:

- 1) соқыр бағыныштылыққа, үстемшілікке негізделген ата-аналар әулеті;
- 2) толық емес отбасы;
- 3) қиыншылық көрген отбасы.

Осылайша, сәтсіз отбасында тәрбие алған балаға қарым-қатынасының себептері мен факторлар жиынтығы субъективті факторлар мен психологиялық-педагогикалық қасиеттердің себебі, яғни, отбасы ішіндегі қарым-қатынас пен бала тәрбиесіндегі тәрбие ақаулықтары, басқа сөзбен айтқанда, басты рольді отбасының құрамы мен құрылысы емес,

оның материалды деңгейі емес, ондағы қалыптасқан психологиялық орта болып табылады.

Тұрмысы нашар отбасылармен жұмыс кезінде психологтар мен әлеуметтік педагог қызметкерлерінің формалары мен әдістері.

Әлеуметтік педагог, психолог қызметіне отбасымен жұмыс жасаған кезде білім беру, психологиялық және делдалдық 3 негізгі әлеуметтік-педагогикалық көмегі жатады.

Білім беру – қызметтің оқу және тәрбиедегі көмек деп бөлінетін екі бағытын қамтиды:

- оқуда көмек көрсету – отбасында пайда бола бастаған мәселелер мен ата-аналардың педагогикалық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған;
- тәрбие берудегі көмек көрсету – әлеуметтік педагог пен психолог ең алдымен ата-аналарға кеңес беру жолымен, содан кейін отбасындағы мәселелерді шешу үшін арнайы тәрбие жағдаяттарын құру арқылы отбасын нығайту мақсатында балаға кеңес беру.

Әлеуметтік-педагогикалық көмектің бір саласы психологиялық көмек екі компоненттен тұрады: әлеуметтік – педагогикалық қолдау және түзету (коррекция).

Әлеуметтік педагог пен психологтың тұрмысы нашар отбасымен жұмыс жасау алгоритмі:

- 1 кезең: отбасы және отбасындағы проблемаларды анықтау, отбасының көмек сұрау әрекеттерін зерттеу;
- 2 кезең: отбасындағы сәтсіздік себептерін, оның ерекшеліктері мен құндылық бағдарын, мақсаттарын белгілеу;
- 3 кезең: сәтсіз отбасының тұрмыстық жағдайын зерттеу;
- 4 кезең: отбасы мүшелерімен, олардың қоршаған ортасымен танысу, балалармен әңгімелесу, өмір сүру жағдайын бағалау;
- 5 кезең: отбасы мүшелерінің тұлғалық ерекшеліктерін анықтау;
- 6 кезең: отбасы картасын жасау;
- 7 кезең: барлық мүдделі ұйымдармен үйлестіру қызмет жасау (білім беру, мектепке дейінгі мекемелер, Балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтік бейімделу орталығы, Отбасы қорғау орталығы, балалар үйі, жасөспірімдер ісі бойынша инспекция, комиссиялар және т.б.);
- 8 кезең: сәтсіз отбасымен жұмыс жасау бағдарламасын құру;
- 9 кезең: отбасыға ағымды және бақылау шығулар ұйымдастыру;
- 10 кезең: сәтсіз отбасымен жұмыс жасау қорытындысы туралы шешімдер.

Маман ата-аналарды алмастырып, балаларды тәрбиелеу мен оларға қарау қызметін өз міндетіне алмауы керек, себебі бұл отбасы мүшелерінің енжарлығы мен асыраушылық позициясын туындатады. Қауіпті топтағы отбасымен жұмыс жасайтын әлеуметтік педагог пен психологқа нақты және тура мақсаттарға көңіл аудару қажет.

2 Деадаптивті отбасылардың ерекшеліктерін эксперименталдық тұрғыдан зерттеу

2.1 Деадаптивті отбасылардың ерекшеліктерін анықтауға арналған әдістемелерді іріктеу

Зерттеу жұмыстары Павлодар қаласының № 2 ЖОББМ өтті. Зерттеу жұмыстарына 5 «А» және 5 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. 5 «А», 5 «Ә» сыныптарында және осы сынып ата-аналарымен психологиялық зерттеу жұмыстары ұйымдастырылып өткізілді.

Зерттеу жұмыстары барысында келесі әдістер қолданылды: Филлипс (үрейді диагностикалау); жасөспірімдерге арналған жеке тестілеу; Басса-Дарки сауалнамасы (жасөспірімдік нұсқасы); ата-аналар қарым-қатынасының сауалнамасы.

Зерттеу жұмыстары екі кезең жүргізілді: қалыптастырушы және бақылау кезеңі.

Зерттеу жұмыстарының мақсаты: деадаптивті отбасылармен жұмыс жасау мазмұны мен әдістерін анықтау.

Зерттеу жұмыстарының міндеттер:

- 1) деадаптивті отбасылар тобын анықтау;
- 2) деадаптивті отбасының сәтсіздігі себептерін анықтау;
- 3) деадаптивті отбасымен жұмыс жасау әдістерін анықтау;
- 4) деадаптивті отбасылармен жұмыс жасау алгоритмін құру;
- 5) отбасындағы әл-ауқат, балаға қатысты зорлық-зомбылықты алдын-алу бойынша түзету бағдарламасын құру және қолдану;
- 6) әлеуметтік педагогтар мен психологтарға арналған бейімсізденген отбасылармен жұмыс жасау әдістемелі нұсқаулықтарды құру.

1-ші әдістеме. Филлипс (үрейді диагностикалау).

Мақсаты: бастауыш және орта мектеп жасы балаларының қобалжу мінездемесінің деңгейін зерттеу.

Тест 58 сұрақтан тұрады, оны балаларға ауызша және жазбаша түрде беруге болады. Әр сұраққа «иә» немесе «жоқ» деп жауап беру тиіс.

Нұсқау: балалар, қазір сіздерге сұраунама беріледі, ол сендердің мектепте өздеріңізді қалай сезінетіндеріңіз туралы сұрақтардан тұрады. Мұнда жақсы немесе жаман, дұрыс немесе дұрыс емес деген жауаптар болмайды, тек шындықты жазуды сұраунамыз. Сұраққа көп ойланбаңыз.

Берілген беттің жоғарғы жағына өзіңіздің аты-жөніңізді және сыныбыңызды жазыңыз. Сұраққа жауап бере отырып, сұрақ нөмірінің қасына егер сіз келіссеңіз «+», келіспесеңіз «-» таңбасын қойыңыз.

Тест сұрақтары

1. Саған барлық сыныптастарымен бір деңгейде тұру қиын ба?

2. Егер мұғалім сенен сенің материалды қай деңгейде білетінін сұраймын дегенде, сен қобалжисың ба?
3. Саған сыныпта мұғалім айтқандай жұмыс істеу қиын ба?
4. Сен сабаққа дайын болмаған кезде, мұғалім қарсылық көрсеткені түсіңе кіреді ме?
5. Сені сыныптағы балалардың ұрып соққан кезі болды ма?
6. Сен, мұғалімнің жаңа тақырыпты өзің түсінгенше асықпай түсіндіргенін қалайсың ба?
7. Сен сабаққа жауап бергенде немесе тапсырма орындағанда қатты қобалжисың ба?
8. Сен сабақта өз ойыңды айтқанда қате жауап беріп қоямын деп қорыққан жағдайлар болды ма?
9. Сені сабақ айтуға шақырғанда бойыңда үрей бола ма?
10. Әртүрлі ойындар ойнағанда, сенің сыныптастарың саған жиі күледі ме?
11. Сен ойлағаннан төмен баға алған кез болды ма?
12. Сені екінші жылға қалдырады деген ойлар қобалжытады ма?
13. Таңдау жүргізетін ойындарға өзінің жеңілетінді білгендіктен қатыспауға тырысасың ба?
14. Егер сені сабақ айтуға шақырғанда, сенде қатты қобалжитын кездер жиі болады ма?
15. Сенің сыныптастарының ешқайсысы саған ұнайтын нәрселерді ұнатпайды деген ойлар болмайды ма?
16. Сен тапсырманы орындауды бастағанда қатты қобалжисың ба?
17. Саған сенің ата-анаң ойлағандай баға алу қиын ба?
18. Кейде саған сыныпта қолайсыз жағдай болудан қорқасың ба?
19. Егер сен сабақта қате жауап айтсан, сенің сыныптастарың күледі ме?
20. Сен өзінің сыныптастарына ұқсайсың ба?
21. Сен тапсырманы орындап болған соң, оның жауабы дұрыс немесе дұрыс емес болғандығы жайында қобалжисың ба?
22. Сен сыныпта жұмыс жасағанда, барлығы есінде қалатынына сенесің бе?
23. Саған кей кезде мектепте мұғалімнің сұрағына жауап бере алмай қалған түс көресің бе?
24. Саған көп балалардың дос екені рас па?
25. Егер, сенің жұмысының қорытындысы сыныптастарының жұмыстарының қорытындысы салыстырғанды білгенде, сен оданда жақсы жұмыс жасайсың ба?
26. Сенен сабақ сұрағанда аз қобалжу керек екені туралы жиі ойланасың ба?
27. Пікір таласқа қатысуға қорқасың ба?
28. Мұғалім сенің сабаққа дайындығыңды сұраймын дегенде, сенің жүрегіңнің қатты соғатынын сен сезесің бе?

29. Сен жақсы баға алғанда, сенің достарының бірі, сенің мақтаншақ деп ойлайды ма?
30. Сенің сыныптастарың аса зор көңіл бөлінетінің, сыныптастырының бірімен болғанда өзінді жақсы сезінесін бе?
31. Сыныптағы балалар сенің ызанды келтірген кезеңдер болды ма?
32. Сенің ойынша, оқуда үлгерімі төмен оқушылар өз орнын жоғалтады ма?
33. Сенің сыныптастарының көбісі саған көңіл бөлмейді ме?
34. Сені ұсқынсыз, жаман көрінемін деген ой мазалайды ма?
35. Саған мұғалімдердің қарым – қатынасы ұнайды ма?
36. Саған, сенің сыныптастарының аналары көмектесетіндей, сенің анаң саған кеш ұйымдастыруға көмектеседі ме?
37. Сен туралы айналандағы адамдар не ойлатыны туралы қобалжытады ма?
38. Сен болашақта бұрынғыданда жақсы оқи алатынына сенесін бе?
39. Сен өзінің сыныптастарын сияқты мектепте жақсы киінетінің сенімдесін бе?
40. Сабаққа жауап беріп жатып, сен басқалардың не ойлайтының туралы көп ойлайсың ба?
41. Басқа сынып оқушылардан, қабілеті бар оқушылар ерекше құқық иеленеді ме?
42. Сенің кейбір сыныптастарың, сен олардан жақсы жоғары көрінгенде ашуланады ма?
43. Сенің достарының саған қалай қарайтыны саған ұнайлы ма?
44. Сен мұғаліммен жалғыз қалғанда жақсы сезінесін бе?
45. Сенің киінгеніне және қылықтарыңа сенің достарың күледі ме?
46. Сен мектептің жұмыстар туралы басқа балаларға қарағанда көп ойлаймын деп ойлайсың ба?
47. Сеннен сұрап жатқанда, сен жауап бере алмасаң, сен өзінді қазір жылап жіберіндей сезінесін бе?
48. Сен ұйықтар алда, ертен мектепте не болатыны туралы ойланасың ба?
49. Қиын материалмен жұмыс істеп жатқанда, сен бұрын жақсы білетін нәрселетді ұмытып қалғандығын сезінесін бе?
50. Тапсырманы орандап жатқанда сенің қолдарың ақырын дірілдейді ме?
51. Мұғалім сыныпқа тапсырма беремін деген кезде сен қобалжи бастайсың ба?
52. Мектепте сенің білімінді тексеру сенің көңіліне қорқыныш ұялтады ма?
53. Мұғалім сыныпқа тапсырма беремін деген кезде, сені тапсырманы орындай алмай қаламын деген ой қобалжытады ма?
54. Сенің сыныптастыры сен жасай алмайтын жұмысты орындай алатыны түсіне кіреді ме?

55. Мұғалім сабақ түсіріп жатқанда, саған сенің сыныптастарың сенен де тез ұғып алатындай көрінбейді ме?
56. Мектепке бара жатқанда мұғалім сыныпқа бақылау жұмысын береді деген ойлар сені қобалжытады ма?
57. Тапсырма орындап жатқанда әдеттегідей сен өзінді нашар жасап жатқандай сезінесің бе?
58. Мұғалім сенен тапсырманы сынып алданда тақтада орындағаныңды сұрағанда сенің қолдарың аздап дірілдейді ме?

2-ші әдістеме. Жасөспірімге арналған жеке тестілеу

Тест «Менің көңіл-күйім»

Мақсаты: әр оқушының өзі туралы, өз әдет-қылықтары, жеке ерекшеліктері туралы ой – толғауға мүмкіндік беру.

Психолог: «Төменде берілген пайымдауларға «иә» немесе «жоқ» деп жауап бересіз. Барынша ашық болуға тырыс. Тест нәтижесі ең бірінші өзіңіз үшін қажет., өзінді тани отырып, тренингтік жаттығуларда өзіңіз туралы жеке ерекшеліктеріңіз, қылықтарыңызға көңіл бөлуіңізге мүмкіндік береді».

Тест сұрақтары:

1. Менің көңіл-күйі жиі түсіңкі, жылаймын.
2. Адамдармен кездескенде, оның көзіне тіке қараудан қысыламын.
3. Жиі мен ашулы, салым суға кеткендей көрінем.
4. Мен білетін, не білген адамдардың көпшілігінен көңілім қалды.
5. Көпшілігі үшін өмірде ең маңызды нәрселер (спорт, жұмыс, айналадағылармен араласу, т.б.) мені тіпті қызықтырмайды.
6. Соңғы уқытта көңіл-күйім түсіңкі болып жүр, тіпті күлмеймін.
7. Мен жиі әлсіздікті сезінем және туыстарым мен таныстарыма шағымданамын.
8. Дәл қазіргі уақытта менің көптеген сұрақтар бойынша өзіндік позициям жоқ.
9. Мен әдетте жай сөйлеймін, сондықтан адамдар мені сирек түсінеді.
10. Маған қойылған сұрақтардың көпшілігіне қалай жауап беру керектігін білмей, иығымды көтеремін.

Тест кілті:

Әр «иә» деген жауап үшін 1 ұпайдан беріп, жалпы сомасын шығарыңыз.

1–2 ұпай. Біршама өмір қиындықтарына қарамастан сіз өмірге көзсіз сеніммен қарайсыз. Бұл жаман емес, бірақ белгілі бір шекке дейін.

3–6 ұпай. Сіздің өмірге көзқарасыңызды тұтастай қарасақ – қалыпты, бірақ белгілі бір әлсіздік, сенімсіздік сезіледі. Ерте емес пе?

7–10 ұпай. Сізбен болып жатқан өмір өзгерістерін жағымсыз қабылдайсыз. Сіздің өміріңізде шынымен қуанышты сәттер жоқ па? Әрине, сіз тест нәтижесімен келіспеуіңізге құқыңыз бар. Дегенмен шыққан нәтиже ақпаратын ой елегіңізден өткізуіңіздің мәні зор. Және сіздің

алдыңызда тренингтердің тұтас сериясы тұр, олар сізге өзіңізді түсінуге, өзгертуге көмегін тигізеді.

3-ші әдістеме. Басса-Дарки сауалнамасы (жасөспірімдік нұсқасы)

«Агрессия» термині қазіргі кезде кең мағынада қолданылуда. Агрессияны жеке тұлғаның қасиеті ретінде түсінуге болады. Агрессивтіліктің сапалық және сандық сипаттамасы бар. Барлық қасиеттер сияқты ол әр түрлі деңгейлермен ерекшеленеді. Әрбір жеке тұлғаның белгілі бір деңгейде агрессивтілігі бар. Оның жоқтығы пассивтілікке, конформділікке және тағы басқа алып келеді. Агрессивтілік өздігінен субъектіні саналы түрде етпейді, өйткені ол бір жағынан агрессивтілік пен агрессия арасындағы байланыс қатаң емес, ал екінші жағынан саналы қауіпті агрессия актісі ретінде қабылдамауы мүмкін.

А. Басса және А. Дарки өздерінің сауалнамаларын құру барысында келесі реакция түрлерін көрсетіп кетті:

1. **Вербалды агрессия (ВА):** негативті сезімдерді фотма (айқай) арқылы және сонымен бірге сөздік жауаптар мазмұны арқылы (қарғау) көрсету.
2. **Физикалық агрессия (ФА):** басқа адамға бағытталған физикалық күш.
3. **Жанама (заттық) агрессия (ЗА):** басқа адамға тікелей бағытталмаған немесе ешкімге бағытталмаған күрт туған агрессия. Қоршаған заттарға бағытталған күш.
4. **Эмоционалды агрессия (ЭА):** басқа адаммен қарым-қатынас кезінде сол адамға деген жеккөрушілік, сенбеушілік қатынасының пайда болуы.
5. **Өз өзіне бағыттаған (кінәні сезіну) агрессия (ӨА):** субъектінің өзінің жаман адам екендігіне сенімділігі, сонымен бірге ар-ұятының жоқтығын сезінуі.

Егер баллдар жиынтығы 5-тен көп болса, адамда осы мінез-құлық типі бойынша агрессияның жоғары деңгейі және адаптивті мінез-құлықтың төмен деңгейі екендігін білдіреді. Егер баллдар 3 немесе 4 болса, онда балада агрессия мен адаптацияның орташа деңгейі. 0-ден 2-ге дейінгі баллдар болса, онда берілген мінез-құлық типі бойынша агрессивті мінез-құлықтың төмен деңгейі мен бейімделудің жоғары деңгейін білдіреді.

Одан кейін жалпы тест бойынша баллдар есептелінеді. Егер балл 20-дан асса, онда агрессивті мінез-құлықтың деңгейі жоғары болып, бейімделу мүмкіндігі төмен болады. 0-ден 10-ға дейін агрессияның төмен деңгейі мен адаптивті мінез-құлық. Сауалнама 40 тұжырымдардан тұрады, оған зерттелуші «иә + » немесе «жоқ – » деп жауап береді (1 кесте).

1. Дау барысында мен жиі дауысымды көтеремін.
2. Егер біреу мені ызаландырса, мен ол туралы не ойлайтынымды айтуға дайынмын.

3. Егер өзімнің құқығымды қорғау үшін қол жұмсау керек болса, мен ойланбай-ақ, қол жұмсап жіберемін.
4. Мен жағымсыз адамды кездестіргенде, оны білдіртпей шымшып алу немесе итеруім мүмкін.
5. Басқа адаммен дауласып жатқанда, оның көңілін өзіне қарату үшін немесе өзімнің дұрыстығымды дәлелдеу үшін, мен столды қағуым мүмкін.
6. Басқалар менің құқығымды құрметтемейтінін мен әрқашан сеземін.
7. Өткенді есіме түсірер кезде, кейде өзім үшін реніш сезінемін.
8. Мен көрсетпесем де, кейде мені қызғаныш мазалайды.
9. Егер маған таныстарымның қылықтары ұнамаса, мен оларға тура айтамын.
10. Қатты ашуланғанда мен балағат сөздерді қолданамын.
11. Маған біреу қол көтерсе, мен оған бірінші болып қол көтеруге тырысамын.
12. Кейде мен қатты ашуланып, заттарды лақтырамын.
13. Менде жиі үйдегі жиһаздардың орнын ауыстыру немесе оны мүлдем басқаға ауыстыру қажеттілігі туады.
14. Адамдармен қарым-қатынаста мен өзімді жиі атылуға дайын оқ ретінде сезінемін.
15. Кейде мен басқа адамға жамандық жасағым келіп отырады.
16. Мен ашуланғанда, қабағым түседі.
17. Адаммен сөйлескен кезде оны тыңдап, сөзін бөлмеуге тырысамын.
18. Жеткіншек жаста мен төбелеске әрқашан дайын болдым.
19. Егер адам мені саналы түрде итергенін білсем, онда ол төбелеске дейін жетуі мүмкін.
20. Менің жұмыс үстелімдегі шығармашылық жинақысыздық маған тиімді жұмыс істеуге көмектеседі.
21. Қатты ызаланғанда бірінші қолыма түскен затты алып, сындырғанымды есіме түсіре аламын.
22. Кейде адамдар мені өзінің қатысуымен ашу-ызамды келтіреді.
23. Қандай жасырын себептер басқа адамның маған жақсылық істеуіне итермелейтініне таңғаламын.
24. Егер біреу мені ренжітсе, менің басқа адамдармен сөйлескім келмейді.
25. Кейде мен саналы түрде жек көретін адамға жаман сөздер айтамын.
26. Мен ызаланған кезде, мен ең қатты сөз айтамын.
27. Балалық шақта мен төбелестен аулақ болдым.
28. Мен біреуді қашан және қай себепте соғуға болатынын білем.
29. Мен ашуланғанда, есікті сарт еткізіп жабамын.
30. Мені қоршаған адамдар жақсы көрмейді деп ойлаймын.
31. Мен әрқашан өзімнің сезімдерімен толғаныстарымен басқа адамдармен бөлісемін.

- 32.Көп жағдайда мен өзімнің сөздеріммен іс-әрекеттерімнен өз өзімен жамандық әкелемін.
- 33.Адамдар маған айғайласа, мен де солай жауап беремін.
- 34.Маған біреу қол көтерсе, мен оған жауап қайтарамын.
- 35.Заттардың өз орнында болмағаны мені ызыландырады.
- 36.Егер қираған немесе жыртылған нәрсені жөндей алмаған кезде, мен оны аяғына дейін жыртып, сындырамын.
- 37.Басқа адамдар мен үшін менен жақсырақ болып көрінеді.
- 38.Мен маған жағымсыз адам туралы ойлағанда, менің оған жамандық жасағым келіп отырады.
- 39.Менің ойымша тағдыр маған қатігез сияқты.
- 40.Егер біреу менімен дұрыс қарым-қатынас жасамаса, мен ол туралы уайымдаймын (1 кесте).

1 кесте – Басса-Дарки әдістемесі нәтижесінің интерпретациясы

ВА		ФА		ЖА		ЭА		ӨӨБА	
1 иә	17 жоқ	3 иә	19 иә	5 иә	21 иә	6 иә	23 жоқ	7 иә	31 жоқ
2 иә	25 жоқ	4 иә	27 жоқ	12 иә	29 иә	14 иә	30 иә	8 иә	32 иә
9 иә	26 иә	11 иә	28 иә	13 иә	35 иә	15 иә	37 иә	16 иә	39 иә
10 иә	33 иә	18 иә	34 иә	20 жоқ	36 иә	22 иә	38 иә	24 иә	40 иә

4-ші әдістеме. Ата-аналар қарым-қатынасының сауалнамасы

Мақсаты: отбасындағы ата-ананың баламен қарым-қатынасын анықтау.

- Отбасында балаңызбен қарым-қатынасыңыз қандай?
 - а) жақсы;
 - ә) орташа;
 - б) төмен.
- Отбасында балаңыз кімге қарай бейім? (әкесіне, анасына, атасына, әжесіне тағы басқалары) _____
- Отбасында балаңыздың тәрбие мен білім алуына толық жағдай жасалынған ба? _____
- Отбасында балаңызды қалай тәрбиелейсіз?
 - а) қатал;
 - ә) еркін;
 - б) мадақтау арқылы;
 - в) материалдық жағдаймен бағалау.
- Балаңыз тәртіп бұзса, оны қандай жолмен жазалайсыз? _____
- Балаңыздың бос уақытын назарда ұстайсыз ба? _____
- Балаңыз біреуге күш көрсету немесе оған біреу күш көрсеткен кездер болды ма? /астын сызыңыз/
 - а) аулада;

ә) мектепте;

б) көшеде;

в) тағы басқа жерде.

8. Отбасында бопсалау (вымогательство) жөнінде балаңызбен сөйлесіп, талқылайсыз ба? _____

9. Өзіңіз бен балаңыздың сынып жетекшісімен деген қарым-қатынастарыңыз қандай? _____


10. Сұрақтар бойынша мәселеңіз және өзіңіздің ой пікіріңіз.

2.2 Алынған нәтижелердің сандық және сапалық талдауы, дезадаптивті отбасыларға арналған психоккорекциялық және психотерапиялық бағдарлама

Зерттеу жұмыстарына 5 «А» және 5 «Ә» сынып оқушылары және аталған сынып оқушыларының ата-аналары қатысты. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері бойынша 5 «А» сыныптан 4 дезадаптивті отбасы, ал 5 «Ә» сыныптан 3 дезадаптивті отбасы анықталды. Жалпы зерттеу жұмыстары қараша айында өткізілді. Зерттеу жұмыстарының соңында екі сыныптан жеті дезадаптивті отбасы анықталды. Зерттеу жұмыстары екі кезең өткізілді. Қалыптастырушы және бақылау кезеңдерінде екі әдістемеден қолданылды.

1-ші әдістеме. Филлипс (үрейді диагностикалау)

Аталған әдістемеге 5 «А» 25, 5 «Ә» 27 оқушылар қатысты. **Әдістеменің нақты мақсаты:** бастауыш және орта мектеп жасы балаларының қобалжу мінездемесінің деңгейін зерттеу. Филлипс әдістемесі бойынша алынған нәтижелер келесі диаграммада берілген (1 сурет).



1 сурет – 5 сынып оқушыларының Филлипс әдістемесінің нәтижесі


Филлипс әдістемесі бойынша екі сынып оқушылары зерттеліп тексерілді. Жалпы әдістемеде 58 сұрақ қарастырылған, әдістеменің сұрақтары оқушылардың үрей деңгейлерін анықтауға бағытталған.

5 «А» сыныбында жоғары үрейлік көрсеткіші 10 пайыз, орташа 78 пайыз, төмен 12 пайыз.

5 «Ә» сыныбында жоғары үрейлік көрсеткіші 12 пайыз, орташа 68 пайыз, төмен 20 пайызды көрсеткіштері анықталды.

2-ші әдістеме. Жасөспірімдерге арналған жеке тестілеу

Аталған әдістемеге 5 «А» 25, 5 «Ә» 27 оқушылар қатысты. **Әдістеменің нақты мақсаты:** бастауыш және орта мектеп жасы балаларының психоэмоционалдық жағдайын зерттеу (2 сурет).



2 сурет – 5 сынып оқушыларының «Менің көңіл-күйім» тест нәтижесі


Жасөспірімге арналған жеке тестілеу бойынша екі сынып оқушылары зерттеліп тексерілді. Жалпы тест 10 сұрақ қарастырылған, тест сұрақтары оқушылардың психоэмоционалдық деңгейлерін анықтауға бағытталған.

5 «А» сыныбында 1–2 ұпай 44%, 3–6 ұпай 36%, 7–10 ұпай 20%.

5 «Ә» сыныбында 1–2 ұпай 37%, 3–6 ұпай 41%, 7–10 ұпай 22%.

3-ші әдістеме. Басса-Дарки

Аталған әдістемеге 5 «А» – 25, 5 «Ә» – 27 оқушылар қатысты. **Әдістеменің нақты мақсаты:** бастауыш және орта мектеп жасы балаларының агрессия деңгейін анықтау (3 сурет).



3 сурет – 5 сынып оқушыларының Басса-Дарки әдістемесінің нәтижесі

Басса-Дарки әдістемесі бойынша екі сынып оқушылары зерттеліп тексерілді. Жалпы әдістемеде 40 сұрақ қарастырылған, әдістеменің сұрақтары оқушылардың агрессия деңгейлерін анықтауға бағытталған (2 кесте).

2 кесте – Басса-Дарки әдістемесі нәтижесінің интерпретациясы

	5 «А»	5 «Ә»
BA	12 %	8 %
FA	8 %	11 %
JA	12 %	22 %
EA	20 %	11 %
ӨӨБА	48 %	48 %

4-ші әдістеме. Ата-аналар қарым-қатынасының сауалнамасы

Аталған сауалнамаға 5 «А» 25, 5 «Ә» 27 оқушылардың ата-аналары қатысты. **Әдістеменің нақты мақсаты:** отбасындағы ата-ананың баламен қарым-қатынасын анықтау.

Сауалнаманың нәтижесі 1 сұрақ бойынша 5 «А» сынып оқушыларының ата-аналар қарым-қатынастары: жақсы 17 (68 %), орташа 5 (20 %), төмен 3 (12 %). Сауалнаманың нәтижесі бойынша 5«Ә» сынып оқушыларының ата-аналар қарым-қатынастары: жақсы 11(41 %), орташа 9(33 %), төмен 7 (26 %).

Сауалнаманың нәтижесі бойынша келесідей фактілер анықталды: тәрбиелеу барысында көбінесе аналарымен әкелері бейімдейді (басым). 2-ші сұрақ бойынша отбасыларда балаларды көбінесе әкелері мен аналары тәрбиелейтіні анықталды.

3-ші сұрақ бойынша отбасыларда балалар тәрбие мен білім алуына толық жағдай жасалмайтыны анықталды.

4-ші сұрақ бойынша отбасыларда балаларды тәрбиелейді

катал 5 «А» 6; 5 «Ә» 4.

еркін 5 «А» 4; 5 «Ә» 12.

мадақтау арқылы 5 «А» 7; 5 «Ә» 5.

материалдық жағдаймен бағалау 5 «А» 8; 5 «Ә» 6.

5-ші сұрақ бойынша балалар тәртіп бұзса әртүрлі (жазалау, ұрысу, үйден шығуға тыйым салу, ештеңе алып бермеу) жолдармен жазалайды

6-ші сұрақ бойынша көбінесе балалардың бос уақытын назарда ұстайды (ұялы телефон арқылы, бақылау).

7-ші сұрақ бойынша балалар біреуге күш көрсетсе немесе оған біреу күш көрсеткен кездер: аулада 15 %; мектепте 5 %; көшеде 2 % тағы басқа жерде 0 %

8-ші сұрақ бойынша 12 ата-ана бопсалау (вымогательство) жөнінде балалармен сөйлеседі, талқылайды. Кейбір ата-аналар осы сұраққа жауап берген жоқ.

9-ші сұрақ бойынша ата-аналар мен балалар арасында, ата-аналар мен сынып жетекшісімен қарым-қатынастары жақсы (whats app, күнделік арқылы)

10-ші сұрақ бойынша ата-аналар сұрақтар бойынша мәселелер көкейкесті, қажетті және маңызды деп пікірлерін білдірді.

Зерттеу жұмыстарын қорытындылайтын болсақ. Зерттеу жұмыстары 5 «А» және 5 «Ә» сынып оқушылармен және сол оқушылардың ата-аналарымен өткізілді. Негізінен алғанда 5 «А» сыныбы гимназия сыныбына жатады. Осы сыныптың нәтижелерін талдайтын болсақ: бірінші әдістеме бойынша қобалжу деңгейлері 5 «Ә» сыныбына қарағанда төмен. Екінші әдістеме 5 сынып оқушыларының жалпы көңіл-күйлерін анықтауға арналған. Осы әдістемінің нәтижесіне келетін болсақ: 5 «А» сынып оқушыларының көңіл-күйлері 5 «Ә» қарағанда бір қалыпты. Үшінші әдістеме «Басса-Дарки» әдістемесі. Нәтижесіне келетін болсақ 5 «Ә» сыныбының оқушыларының физикалық және эмоционалдық агрессиялық көрсеткіштері жоғары екендіктері анықталды.

Ата-аналармен өткізілген саульнаманың нәтижелеріне келетін болсақ: 5 «А» сыныбының ата-аналары анкеталық зерттеу барысында өздерінің белсенділіктерін көрсете алды. Ал, 5 «Ә» сынып оқушыларының ата-аналары анкеталық сұрақтарға толық жауап бермегендеріде бар. Зерттеу барысында өздерінің балаларының өмірлеріне селсоқ қаратындары анықталды. Алынған зерттеулердің нәтижелеріне байланысты психокоррекциялық бағдарлама 5 «Ә» сынып оқушыларына және осы сыныптың ата-аналарына бағытталады.

Алынған нәтижелерге сүйене отырып психокоррекциялық бағдарлама құрастырылды.

1 күн. Балалар мен ата-аналарға арналған «Танысу» тренингі

Мақсаты: балалармен эмоционалды қарым-қатынасты орнату, балалар ұжымын жұмылдыру.

Ұзақтығы: 1 сағат.

1. «Танысу орамы» жаттығуы (10 минут)

Мақсаты: бір-бірімен танысу, қызығушылықтары туралы айту.

Барысы: бір оқушы бір орам жіпті ұстап, өзі туралы және қызығушылықтары туралы айтады; содан кейін, қолынан жіпті босатпай орамды келесі ойыншыға береді. Орам жіп балалар бір-бірімен танысып, қызығушылықтары туралы айтқанға дейін қолдан-қолға беріледі. Жаттығудың соңында қандай фигураның пайда болғаны туралы анықтайды.

2. «Менің есімімнің пирамидасы» жаттығуы (20 минут)

Мақсаты: топ мүшелерінің арасында эмоционалды және дене байланысты орнату.

Барысы: топ мүшелерінен қатысушы есімін білдіретін фигураны құру керек. Сезімі туралы айту.

3. Арт-терапия. Тренинг тобының рәмізі (20 минут)

Мақсаты: топты жұмылдыру, ортақ мақсат қоя білу, ортақ күшпен нәтижеге жету.

Барысы: ватманға алдын-ала келісіп, таңдап алынған тренинг тобының рәміз суретін салады.

Рефлексия. (10 минут)

2 күн. «Өзін-өзі тану: Мен кіммін? Шын мәнінде мен қандаймын?» тренингі

Мақсаты: қарым-қатынастың белсенді стилін меңгеру, өз-өзін диагностикалау және топ мүшелерінің өзара ашылуына жету

Ұзақтығы: 1 сағат.

1. «Контраргументтер» жаттығуы (10 минут)

Мақсаты: тұлғаның ақтарын диагностикалау, өзінің тұлғалық қасиеттерін қабылдау.

Барысы: өзіміздің ішкі дүниемізге, кемшіліктерімізге, қазіргі таңда өз бейнеңізде ұнамайтын әдеттерді бүгінгі осы жаттығуда қарап шығайықшы. Әр ұнамсыз қасиетке контраргумент келтіріңіз, яғни, қарама-қарсы қоюға болатын қасиетті айтып, «Өз-өзімді қабылдау» бағанына жазыңыз.

Содан кейін қатысушылар 3–4 адамнан тұратын микротоптарға бөлініп, талқылауға кіріседі.

2. «Есепті шығару» жаттығуы (15 минут)

Мақсаты: әр жағдайда жаңа тәртіптің реакцияларды таңдай алу

Барысы: тренингке қатысушылардың барлығы екі жұпқа бөлінеді, олар келесі тақырыптарда ойнау қажет: «сіз кездесуге асығып барасыз, ал автобустардың барлығы толық»; «дүкенде Сізге қажетті азық-түлік жоқ».

3. «Аяулы есім» жаттығуы (5–7 минут)

Мақсаты: эмпатияны дамыту, өзін-өзі бағалауды арттыру

Барысы: туыстарыңыз, жақындарыңыз, таныстарыңыз сізді қалай атайтынын есіңізге түсіріңіз. Ол аттарды естіге кездегі қандай сезімге бөлінесіз?

4. «Ауа шары» жаттығуы (30 минут)

Мақсаты: жұмылдыру, шешімді топпен қабылдау, көшбасшылық қасиеттерді анықтау.

Барысы: сіз атқарылған жұмысты орындап болып, ауа шарымен қайтып бара жатқан ғылыми экспедицияның мүшесі екенін елестетіңіз. Сіз мұхит үстінен ұшып келесіз, жақын жерге дейін 500–500 км. Бірақ, осы уақытта апатты жағдайға ұшырап қалдыңыз. Тез арада қай затты және қандай кезекте жеке лақтыру керек деген шешім қабылдау керек. Мынау заттардың тізімі:

- 1) канат – 50 м.;
- 2) дәрі-дәрмегі бар дәрі қорабы – 5 кг.;
- 3) гидравликалық компас – 6 кг.;
- 4) ет және балық консервалары – 20 кг.;
- 5) секстант (жұлдыз арқылы орналасу орнын анықтайтын құрал) – кг.;
- 6) оптикалық көздеуі бар мылтық және оқтар – 25 кг.;
- 7) әртүрлі кәмпиттер – 20 кг.;
- 8) ұйқы қапшықтары (экипаждың әр мүшесіне бір – бірден);
- 9) дабыл ракеталары бар белгі беретін тапанша – 8кг.;
- 10) 10 орындық палатка– 20 кг.;
- 11) оттегі балоны – 50 кг.;
- 12) географиялық карталар кешені – 25 кг.;
- 13) тұщы су канистрасы – 20 л.;
- 14) транзисторлы қабылдағыш – 3 кг.;
- 15) үрленетін қайық – 25 кг.

Сізге қай кезекте қандай затты лақтыру керек екенін шеші керек. Талқылау үшін – 15 минут беріледі.

3 күн. «Дау-дамай мен оларды шешу жолдары» тренингі

Мақсаты: тұлғаралық қарым-қатынас кезінде әртүрлі саладағы дау-дамайлар туралы, дау-дамайға қатысушылардың тәртіп стратегиясы, жанжалды шешу әдістері мен тәсілдері туралы білімдерін кеңейту.

Ұзақтығы: 45 минут.

1. «Сезімдерді білдіру» жаттығуы (10 минут)

Мақсаты: оң эмоционалды жағдайд орнату.

Барысы: қатысушылардың барлығы күндіз болған жақсы мезеттерін естеріне түсіріп, бөліседі. «бүгін мен ... болғанына қуаныштымын.», «бүгін мен ... болғанына реніштімін», «бүгін мен ... болғанына бақыттымын», т.б.

2. «Бірде дүкенде» рольдік ойын (10 минут)

Мақсаты: дау-жанжалсыз сендіру, проблеманы топтық құрылымдық шешу жолдары мен әдістерін табу, проблеманы шешудегі топтық стратегияны қалыптастыру.

Барысы: топ сатушы және тұтынушы деген екі топқа бөлінеді. Мұндағы сатушы (қосалқы), тұтынушы (басты рольді атқарады).

Жағдаят: өздігінен қызмет көрсету дүкенінде кассаға үлкен кезек жиналып тұр. Тұтынушы ақшасын алу үшін сөмкесін ашқан кезде, сатушы көрсетпей, сонымен қатар төлемей алып кеткісі келген тауарды көріп қалады. Сатушы бұл жағдайды талқыға алады. Ал тұтынушы болса, ол затты басқа дүкеннен сатып алғаны туралы дәлелдейді.

3. «Салдың үстінде» (15 минут)

Мақсаты: дау-жанжалсыз тәртіпті орнату

Барысы: нұсқау беріледі: Сіз батып кеткен кемеден құтқарылып шықтыңыз. Сізге біраз уақыттан соң көмек жетіп қалуы мүмкін. Бірақ, судың үстіндегі сал суланып барады. Сіздің міндетіңіз: салдан түспей, суланбайтын басқа жаққа бұру.

Шарттары: дауылдан кейін мұхиттағы ауа райы нашар: суық, әрі салқын жел соғады. Сондай-ақ, жемтігіп алайын деген оймен қорек аңдып тұрған акулалар да көп. Кейбіреуіңізге суық тиіп, дауысыңыздан айырылып қалдыңыз («мылқау» болатындарды сайлап алу қажет).

Талқылауға арналған сұрақтар:

- сынақ үдерісі кезінде қандай күйде болдыңыз?
- топтың қандай қасиетері сынақтан өтуге көмектесті?
- оны жылдам орындауға не кедергі болды?
- кімді көшбасшы ретінде таңдап алдыңыз?
- топтың басқа мүшелері кім болды?
- көшбасшы еркіне көну қандай екен?
- ойынды қайталап ойнар ма едіңіз?
- жаңа ойында қандай позицияны ұстандыңыз?

Рефлексия. (10 минут)

4 күн. «Сенімді және сенімсіз қылық» тренингі

Мақсаты: сенімді қылықтың икемін шынықтыру.

Ұзақтығы: 1 сағат

1. «Ашық қарым-қатынас шеңбері» жаттығуы (5–7 минут)

Мақсаты: Топтың эмоционалды жағдайын, топтың ережесін білу.

Тапсырма: Топ мүшелері шеңберге отырып, эмоционалды жағдайлары, апта бойы сәттіліктерін айтып, жағымды әсерлерімен бөліседі. Топ мүшелері өздері таңдаған топ ережелерін орнатады.

Жүргізуші сенім тренингісі туралы әңгімелейді, топ мүшелерімен осы қасиеттер туралы сөйлеседі.

2. «Менің қолымнан келеді» жаттығуы (10 минут)

Мақсаты: топты жұмылдыру, қыздыру.

Тапсырма: топтың бір мүшесі шеңберге арқасын беріп отырады.

Қалған топ мүшелері оған: «(Есім), сенің қолыңнан келетініне сенімдімін.....» дейді (тілектерін, нақты әрекеттерін айтады).

Рефлексия.

3. «Иә-жоқ» тренингісі (5–7 минут)

Мақсаты: сенімді пікір интонациясымен және дауыспен өңдеу.

Тапсырма: Топ мүшелері жұптарға бөлінеді. Топ мүшелерінің бірі сұхбаттасын нандыру үшін «Иә» деп жауап береді.

Екінші қатысушы, керісінше, «Жоқ» деген жауап береді.

Жаттығуға еркін ену үшін нәтиженің қарама-қайшылығына сендіретін жағдаятты ұсынуға болады. Рефлексия.

4. «Шың» жаттығуы (7 минут)

Мақсаты: сенімді мінез-құлықты бекіту.

Жаттығу: Топ мүшелері бір-біріне кедергі жасамайтындай бөлмеде өз орындарын табады. Өздерін құз ретінде сезінеді. Бойына жігер мен сенімділік сезімдерін ұялатып, «Жоқ» деген сөзді сеніммен айтады. Рефлексия.

5. «Күннің көзі» жаттығуы (10 минут)

Мақсаты: өзіне-өзі сенімдігін арттыру.

Тапсырма: Қағаз бетіне сәулелері бар күннің көзін салып, сәуленің әр қайсысына өзекті жағдаяттардан шығуға көмектесетін қасиеттерін жазады.

6. «Кемпірқосақ» жаттығуы (5–7 минут)

Мақсаты: Эмоционалды жағдайын анықтау.

Тапсырма: Қағаз бетінде кемпірқосақтың суреті салынған, ішкі шеңберден сыртқа қарай бояңыз.

Тренинг қорытындысын шығару:

Ұнамды жақтары:

Ұнамсыз жақтары.

Өзіме пайдалы нені алдым.

Рефлексия (10 минут)

5 күн. «Нашар көңіл-күйді қалай жоюға болады» тренингі

Мақсаты: стрестік жағдаймен күресіде үйрету.

Ұзақтығы: 40 минут

1. «Жымию» жаттығуы (5 минут)

Мақсаты: жағымды көңіл-күйге иландыру.

Барысы: топ мүшелері айнаның алдында тұрып, 5 минут бойы жымышп тұрады.

Талқылау.

2. «Сілкіп жібер!» жаттығуы (7 минут)

Мақсаты: денелік күштелуді түсіру.

Барысы: тотың жетекшісі : «кейде біз бойымызда көп күшімізді алатын, ірі және ұсақ жүктерді артып жүреміз. Мысалы, қолымыздан бір нәрсе келмесе, оның ешқашан қолымыздан келмейтіні туралы айтамыз. Бірақ жағымсыз сезімнен тез арылу жолы бар. Сіздер үсті-басы малмандай су болған иттің суды сілкіп тұрғанын көрген боларсыз. Ол басы мен арқасын сілкігенде, су тамшылары жан-жаққа ұшады. Жаныңызда көп орын қалатындай орныңыздан тұрыңыз. Енді алақаныңызды, шынтақтарыңызды, иықтарыңызды сілкіп көріңіз. Сол мезетте, ойыңыздағы жағымсыз сезімдер, жаман ойлардың жан-жаққа шашырап

жатқанын көзіңізге елестетіп көріңіз. Аяғыңызды сермеп, басыңызды сілкіңіз. Бойыңыздағы жағымсыз жүктің түсіп жатқанын, көңілді және серпіліп алғаныңызды көзіңізге елестетіп көріңіз» дейді.

3. «Ауа шарлары» жаттығуы (15 минут)

Мақсаты: стресстік реакциялардан арылу, стресс туғызатын жағдайларды қалыпты қабылдауға үйрену.

Материал: екі шар, фломастерлер.

Барысы: топ мүшелері стресс туғызатын факторлардың тізімін құрай бастайды: жұмыс, жеке өмір, үйреншікті режимді ауыстыру, келе жатқан кәрілік туралы ойлар және т.б. оларды кему деңгейімен орналастырады.

Тренинг жетекшісі: «Ең күшті факторға тоқталыңыз. Оған қалыпты жағдайда қалай әсер ететіңізді есіңізге түсіріңіз. Содан кейін шарды үрлеп, оған теріс эмоцияларыңызды үрлеп жатқанын ойлаңыз. Енді шарды жарып жіберіңіз. Теріс және кері эмоцияңыздың жоқ боп кеткенін ойлаңыз».

Одан кейін екінші шарды үрлеңіз. Оны жағымды, оң энергиямен толтырып жатқанын елестетіп көріңіз. Жағымды эмоцияға жататын сөзді ойлап, шардың сыртына жазыңыз. Бұл жағдаятқа байланысты қандай бейнелер қалыптасады? Олардың сызбасын шарға салыңыз. Шарды биікке лақтырып, санаңызға жағымды бейнелерді сақтаңыз.

4. «Үрейден арылу» (10 минут)

Мақсаты: жағдайға байланысты үрейден арылу.

Барысы: тренинг жетекшісі: «Ыңғайлы отырып, көзіңізді жұмыңыз. Әдемі орман алабында отырғаныңызды көзіңізге елестетіңіз. Орман ішіндегі жолмен баяу жүріп келесіз, әсем алаңқайға шығып, шалғын майса шөптің үстіне отырыңыз. Кенеттен орманның ішінен түрлі жануарлар шығып, сізді шеңберге алады. Бұл сіздің жеке проблемаларыңыз. неғұрлым ірі аң болса, соғұрлым проблемаңыз бен үрейіңіз үлкен деп біліңіз. Мысалы, жүйрік бұғы – жұмысты тапсырудың қысқа мерзімі, үріп жатқан арыстан – жақын адамыңызбен ажырасу. Маңайыңызда аралар ұшып жүр. Бұл сізге сағат сайын кедергі болатын, демалуға бөгет болатын шағын проблемаларыңыз. Қолыңызды созыңыз! Қорықпаңыз! Байқайсыз ба? Сіздің қолыңыз тиген әр жануар бас иіп, орманға қарай кері бұрылып кетіп барады. Енді тек аралардың гуілдеген дыбысы естіледі. Енді олар да дыбыстарын бәсеңдетіп, ұясына кіріп кетеді. Орман жым-жырт. Сіз үрей мен мазасыз шаруалардан тым болмаса бүгін күнге арылдыңыз».

5. Рефлексия (5 минут)

6 күн. «Агрессия мен ашу» тренингі

Мақсаты: Агрессия, үрей, жиналып қалған ішкі шиеленіс деңгейінің төмендеуі.

Ұзақтығы: 45 минут.

1 «Мен ашуымды қалай көрсетемін» жаттығуы (10 минут)

Мақсаты: жағымсыз эмоцияларды, ашуды шығару

Барысы: қатысушылар, ашуға түскен күндерін естеріне түсіріп, ашуларын дене қимылдары арқылы көрсетеді (жерді аяқтарымен қатты соғады, кеуделерін қолдарымен қағады, айқайлайды).

2 «Болашақ тау патшасы» жаттығуы (15 минут)

Мақсаты: ашуды шығару, агрессияның себептерін анықтау.

Барысы: Қатысушылардың ішінен болашақ «тау патшасын» таңдайды. Белін ұзын лентамен байлайды. «Патша» ойдан шығарылған таудың үстіне өрмелеп, қалған қатысушылар лентаны ұстап, тауға жібермейді.

3 «Көңіл-күй суреті» жаттығуы (10 минут).

Мақсаты: эмоционалды жеңілдеу, босаңсу .

Барысы: қатысушылар өзінің көңіл-күйлерін бейне түрінде қағаз бетіне түсіреді.

Материалдар: ұзын лента (жіп), ақ қағаз, қарындаштар, әуезді музыка.

Рефлексия (10 минут)

1 – 2 сабақ. «Танысу» балаларға арналған тренинг

Сабақтың мақсаты: балалардың бір-бірімен танысуына жағдай жасау, психологиялық қауіпсіз, сенімді орта қалыптастыру, топта өзара қарым-қатынас орнатуға алғашқы қадам жасау.

Міндеттері:

- Балалардың өзін таныстыру дағдыларын дамыту;
- Топтық жұмыс ережелерімен таныстыру;
- Эмоциялық қысымды төмендету;
- Өзара сыйластық атмосферасын қалыптастыру.

Қатысушылар: 7–12 жас (қажетіне қарай жас ерекшелігіне бейімделеді)

Ұзақтығы: 40–45 минут

Психолог сөзі: «Бүгін біз бір-бірімізбен танысып, бірге жұмыс істеуді үйренеміз. Мұнда әр бала маңызды, әр пікір құнды».

Топ ережелері (қысқаша):

- Бір-бірін тыңдау
- Күлмеу, мазақтамау
- Өз еркімен жауап беру
- Құпиялылық сақтау

(Ережелер плакатқа жазылады)

Танысу жаттығуы «Есім және қимыл» (10 минут)

Өту барысы:

- Әр бала өз есімін айтып, көңіл-күйін білдіретін қимыл жасайды
- Топ сол қимылды қайталайды

Мақсаты:

- Есте сақтау
- Еркіндік пен сенімділікті арттыру
- Қорқынышты азайту

Жаттығу «Мен қандаймын?» (10 минут)

Материал: қағаз, түрлі түсті қарындаштар

Тапсырма:

Балалар өздерін сипаттайтын 3 қасиетті (жақсы көремін, қолымнан келеді, мінезім) сурет немесе сөзбен көрсетеді.

Талқылау сұрақтары:

- Өзің туралы не білдік?
- Саған бұл тапсырма оңай болды ма?

Сергіту сәті «Қар көшкіні» (5 минут)

Балалар шеңберде тұрады. Бірінші бала өз есімін айтады, келесісі алдыңғы есімдерді қосып айтады.

Мақсаты:

- Назар мен есте сақтауды дамыту
- Топтық бірігуді күшейту

Қорытынды рефлексия «Көңіл-күй смайлигі» (5 минут)

Балалар бүгінгі көңіл-күйін смайлик арқылы көрсетеді.

Сұрақтар:

- Бүгін саған не ұнады?
- Қандай сезімде отырсың?

Жылы шеңбер «Жақсы сөз» (5 минут)

Әр бала қасындағы балаға бір жақсы сөз айтады.

Мақсаты:

- Позитивті қарым-қатынас қалыптастыру
- Эмпатияны дамыту

Жаттығу «Менің күшті жақтарым» (10 минут)

Материал: қағаз, маркер

Балалар алақанының суретін салады, әр саусаққа:

- не істей аламын
- не үшін мақтанамын
- маған не көмектеседі деп жазады.

Топтық жұмыс «Біз – бір командамыз» (10 минут)

Тапсырма:

Барлық балалар бір плакатқа ортақ сурет салады (күн, ағаш, жүрек, үй).

Талқылау:

- Біз неге біргеміз?
- Бірге болғанда не оңай?

Рөлдік жаттығу «Қиын жағдайда не істейміз?» (10 минут)

Психолог жағдаят ұсынады:

- Мені ешкім тыңдамайды
- Мен жалғызбын
- Мен қателестім

Балалар шешу жолдарын ұсынады.

Мақсаты:

- Әлеуметтік дағдыларды дамыту
- Қиындықты сөзбен жеткізуге үйрету

Қорытынды рефлексия «Жүректен – жүрекке» (5 минут)

Балалар бүгін не үйренгенін айтып, жүрек пішінді қағазға тілегін жазады.

Күтілетін нәтижелер:

- Балалар бір-бірін таниды және қабылдайды;
- Қарым-қатынасқа ашықтық артады;

- Эмоциялық жай-күйі тұрақтанады;
- Топта сенімді, қауіпсіз атмосфера қалыптасады.

3 – 4 сабақ. «Танысу» ата-аналарға арналған тренинг

Бағдарламаның бағыты: психологиялық – ағартушылық, профилактикалық, қолдаушы

Мақсатты топ: дезадаптивті отбасылардан шыққан балалардың ата-аналары (аналар, әкелер, заңды өкілдер)

Ұзақтығы: 1,5–2 сағат (90–120 минут)

Өткізу формасы: топтық тренинг, интерактивті жұмыс

ТРЕНИНГТІҢ МАҚСАТЫ: ата-аналармен сенімді, қауіпсіз психологиялық орта қалыптастыру, өзара танысу арқылы ынтымақтастық орнату, ата-ананың ішкі ресурстарын ашу және баламен өзара әрекеттесуге дайындау.

ТРЕНИНГТІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Ата-аналар арасында ашық қарым-қатынас орнату;
- Психологиялық кедергілер мен қорғаныс механизмдерін төмендету;
- Өз ата-аналық рөлін саналы түрде ұғынуға ықпал ету;
- Мектеп – отбасы – бала үштігі арасындағы серіктестікті нығайту;
- Ата-ананың эмоционалдық күйін тұрақтандыру.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР:

Тренинг соңында ата-аналар:

- өздерін қауіпсіз ортада еркін сезінеді;
- мектеп мамандарына сенімі артады;
- баланың мінез-құлқындағы қиындықтарға жаңа қырынан қарайды;
- өз ресурстарын анықтайды;
- әрі қарайғы жұмысқа ішкі дайындық қалыптастырады.

ТРЕНИНГ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. Психологтың кіріспе сөзі

«Бүгінгі кездесу – бағалау немесе сын айту алаңы емес. Бұл – өзара танысу, тыңдау және түсіну алаңы. Әр ата-ана өз тәжірибесімен, сезімімен құнды».

Тренингтің мақсаты, форматы, ұзақтығы түсіндіріледі.

2. Топ ережелерін бекіту

Ата-аналардың өздерімен бірге қабылданады:

- құпиялылық;
- бірін-бірі тыңдау;
- пікірді бағаламау;
- «осы жерде және қазір» қағидасы;
- еріктілік.

(Флипчартқа жазылады)

3. Жаттығу «Менің есімім – менің тарихым»

Өту барысы:

Әр ата-ана:

- есімін;
- есімінің кім қойғанын;
- есімімен байланысты бір ассоциацияны айтады.

Мақсаты:

- өзін таныстыруды жеңілдету;
- тұлғалық маңыздылықты сезіндіру;
- сенім орнату.

4. Жаттығу «Ата-ана ретінде мен...»

Тапсырма:

Ата-аналар сөйлемді аяқтайды:

- «Ата-ана ретінде мен өзімді кейде... сезінемін»
- «Балама ең көп бергім келетіні...»
- «Мен үшін ең қиыны...»

Талдау:

Психолог ортақ сезімдерді атап өтеді (шаршау, алаңдаушылық, үміт).

5. Жаттығу «Менің ата-аналық ресурстарым»

Материал: қағаз, қалам

Тапсырма:

Қағаз 2 бағанға бөлінеді:

- «Мен балама бере аламын»
- «Маған қолдау қажет»

Ата-аналар жазады, кейін қалауы бойынша бөліседі.

Мақсаты:

- өзін кінәламаудан шығару;
- ресурс пен шектеуді ажырату;
- көмек сұраудың қалыпты екенін түсіндіру.

6. Психологиялық жаттығу «Айна»

Өту барысы:

Жұппен жұмыс. Бір ата-ана – «айна», екіншісі – «адам».

Қимыл, эмоция қайталанады.

Талқылау сұрақтары:

- Қандай сезімде болдыңыз?
- Баламен қарым-қатынаста «айна» болу нені білдіреді?

7. Топтық жұмыс «Біз біргеміз»

Тапсырма:

Топқа сұрақ қойылады:

«Баламыздың өмірі қауіпсіз әрі тұрақты болуы үшін ата-ана мен мектеп не істеуі керек?»

Жауаптар флипчартқа жазылады.

Қорытынды:

- ешкім жалғыз емес;
- қиындық – ортақ;
- шешім – бірлесе.

8. Мини-дискуссия «Баланың мінезі – отбасының айнасы»

Психолог қысқаша түсіндірме береді:

- дезадаптация себептері;
- ата-аналық күйдің балаға әсері;
- қолдаушы тәрбие ұстанымдары.

9. Жаттығу «Үміт шамы»

Әр ата-ана сөйлемді аяқтайды:

- «Осы тренингтен кейін мен...»
- «Балам үшін бір кішкентай қадам...»

Психолог ата-аналарға алғыс білдіреді, алдағы сабақтардың бағытын қысқаша таныстырады.

ТРЕНИНГТІҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МАҢЫЗЫ

Бұл «Танысу» тренингі:

- ата-ананың қорғанысын төмендетеді;
- сенімге негізделген жұмысқа жол ашады;
- дезадаптивті отбасымен жүйелі жұмыстың іргетасын қалайды.

5 – 6 сабақ. Баланың тұлға ретінде дамуына тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әсері

Мақсаты: ата-аналардың тұрмыстық зорлық-зомбылықтың (физикалық, психологиялық, эмоциялық, экономикалық, вербалды) баланың тұлғалық дамуына тигізетін әсерін терең түсінуіне жағдай жасау, ата-аналық мінез-құлықтың салдарын саналы түрде ұғындыру және өзгеріске ішкі дайындық қалыптастыру.

Күтілетін нәтиже:

Ата-аналар:

- зорлық-зомбылықтың жасырын және ашық формаларын ажыратады;
- баланың мінез-құлқы мен эмоциялық күйіндегі өзгерістердің себеп-салдарын түсінеді;
- өз әрекеттеріне сыни рефлексия жасай алады;
- баламен қауіпсіз қарым-қатынас құру жолдарын анықтайды.

Практикалық тапсырма 1.

«Зорлықтың көрінбейтін іздері» (терең талдау тапсырмасы)

Мақсаты:

Психологиялық зорлық-зомбылықтың бала тұлғасына ұзақ мерзімді әсерін саналы түсіндіру.

Өту форматы: Жеке + шағын топта талдау

Тапсырма мазмұны: Ата-аналарға бала бейнесі салынған парақ беріледі. Олар келесі сұрақтарға жауапты жазып, бейненің айналасына орналастырады:

1. Үнемі айқай еститін бала қандай болады?
2. Қорқыту, салыстыру, кемсіту балада қандай қасиеттер қалыптастырады?
3. Мұндай бала:
 - өзін қалай бағалайды?
 - адамдарға қалай сенеді?
 - қателікке қалай қарайды?

Күрделендіру элементі: Әр жауаптың жанына:

- қысқа мерзімді әсер
- ұзақ мерзімді әсер деп бөлек белгілеу.

Қорытынды талдау:

Психолог бала тұлғасында қалыптасатын:

- төмен өзіндік баға
- үрей
- агрессия немесе тұйықтық
- тәуелділік мінез-құлық сияқты белгілерді жүйелейді.

Практикалық тапсырма 2.

«Бір сөздің салмағы» (вербалды зорлықты талдау)

Мақсаты:

Сөз арқылы жасалатын зорлықтың қауіптілігін ұғындыру.

Тапсырма:

Ата-аналарға сөздер жазылған карточкалар ұсынылады:

«Сенен ештеңе шықпайды»

«Неге басқалардай емессің?»

«Маған сендей бала керек емес»

«Қолыңнан келмейді»

Әр ата-ана 1–2 сөйлемді таңдап, төмендегі кестені толтырады:

Айтылған сөз	Баланың ішкі сезімі	Баланың өзіндік бейнесі	Болашақ мінез- құлқы

Талқылау:

– Бұл сөздер айтылғанда бала не сезеді?

– Бұл сезім уақыт өте қалай тұлғалық қасиетке айналады?

Практикалық тапсырма 3.

«Балалық шақтағы қорқыныш картасы»

Мақсаты:

Зорлық-зомбылық пен тұрақсыз ортадағы баланың ішкі әлемін түсіну.

Тапсырма:

Ата-аналар қағазға баланың бір күнін шартты түрде сызады:

- таңертең
- мектептен кейін
- кешкі уақыт

Әр уақытқа:

- бала нені күтеді?
- неден қорқады?
- өзін қауіпсіз сезіне ме?

деп белгілейді.

Тереңдету:

Сұрақ қойылады:

«Бұл балада тұлғалық тұрақтылық қалыптаса ма? Неліктен?»

Практикалық тапсырма 4.

«Менің әрекетім – баламның болашағы» (рефлексивті тапсырма)

Мақсаты:

Ата-ананың мінез-құлқы мен баланың болашақ тұлғалық бейнесі арасындағы байланысты көрсету.

Тапсырма:

Қағаз екі бөлікке бөлінеді:

1-бөлік:

«Егер бала зорлықты ортада өссе, ол 10 жылдан кейін қандай болады?»

2-бөлік:

«Егер бала қауіпсіз, қолдаушы ортада өссе, ол қандай болады?»

Ата-аналар тұлғалық сипаттамалар жазады:

- өзіне сенім
- жауапкершілік
- агрессия
- тәуелсіздік т.б.

Талдау:

– Қай сценарийді қалайсыз?

– Бұл өзгеріс кімнен басталады?

Практикалық тапсырма 5.

«Баланың үнін есту» (эмпатиялық тәжірибе)

Мақсаты:

Баланың ішкі даусын сезіну арқылы эмпатияны дамыту.

Тапсырма:

Психолог мәтін оқиды:

«Мен қорыққанда айқайламаңыз.

Мен қателесем, ұрмаңыз.

Мен сізге жамандық жасау үшін емес, көмектесуді сұрап жылаймын...»

Ата-аналар өз сезімдерін жазады:

- қандай ой келді?
- қандай эмоция пайда болды?
- балам осылай сезінуі мүмкін бе?

Практикалық тапсырма 6.

«Зорлықтың орнына – әрекет» (мінез-құлықты қайта құру)

Мақсаты:

Зорлықсыз тәрбие стратегиясын қалыптастыру.

Тапсырма:

Кестені толтыру:

Қиын жағдай	Бұрынғы реакциям	Балама қауіпсіз әрекет	Баланың мүмкін реакциясы

Мысал жағдайлар:

- бала тыңдамайды
- сабағын оқымайды
- ашуланып жылайды

ҚОРЫТЫНДЫ РЕФЛЕКСИЯ

«Бүгін мен түсіндім...»

Әр ата-ана бір сөйлеммен аяқтайды:

«Балама әсер ететін ең маңызды нәрсе – ...»

ӘДІСТЕМЕЛІК МАҢЫЗЫ

Бұл 5–6 сабақтағы практикалық тапсырмалар:

- ата-ананың қорғаныш реакциясын жұмсартады;
- кінәлау емес, **саналы жауапкершілікке** жетелейді;
- зорлықтың алдын алу бойынша ішкі мотивация қалыптастырады;
- баланың тұлға ретінде дамуын қорғауға бағытталған.

7 – 8 сабақ. «Ата-аналардың құқықтары мен міндеттері» балалар мен ата-аналарға арналған семинар – лекциялар

Семинар–лекцияның мақсаты: ата-аналар мен балалардың құқықтық сауаттылығын арттыру, ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін түсіндіру арқылы баланың қауіпсіздігі мен толыққанды дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жауапкершілікті қалыптастыру.

Міндеттері:

- Ата-аналардың бала тәрбиесіндегі заңды жауапкершілігін түсіндіру;
- Баланың негізгі құқықтарын таныстыру;
- Отбасындағы құқық пен міндет тепе-теңдігін қалыптастыру;
- Құқықбұзушылық пен зорлық-зомбылықтың алдын алу;
- Балалар мен ата-аналар арасындағы өзара түсіністікті нығайту.

Семинар–лекцияның өзектілігі:

Қазіргі қоғамда отбасылық қатынастардың күрделенуі, тұрмыстық жанжалдар, зорлық-зомбылық фактілері, ата-аналық жауапкершіліктің әлсіреуі балалардың психологиялық, әлеуметтік және тұлғалық дамуына кері әсерін тигізуде.

Осыған байланысты ата-аналардың өз құқықтары мен міндеттерін нақты білуі, ал балалардың өз құқықтарын тануы – дезадаптивті жағдайлардың алдын алудың маңызды тетігі болып табылады.

1. Отбасы – баланың алғашқы құқықтық ортасы

Бала ең алғаш құқық, міндет, жауапкершілік ұғымдарымен отбасында танысады.

Ата-ананың мінез-құлқы, қарым-қатынасы баланың заңға, әділдікке, тәртіпке көзқарасын қалыптастырады.

2. Ата-аналардың негізгі құқықтары

Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ата-аналар:

- баланы тәрбиелеуге және дамытуға;
- баланың мүддесін қорғауға;
- білім беру ұйымын таңдауға;
- баланың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуге;
- баланың пікірін ескере отырып шешім қабылдауға құқылы.

Маңызды түсінік: құқық – бұл еркіндік емес, жауапкершілікпен шектелген мүмкіндік.

3. Ата-аналардың негізгі міндеттері

Ата-аналар міндетті:

- баланың өмірі мен денсаулығын қорғауға;
- баланы күтіп-бағуға;

- психологиялық және эмоционалдық қауіпсіз орта қалыптастыруға;
- баланың ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;
- баланы оқыту мен тәрбиелеуге жағдай жасауға;
- зорлық-зомбылықтың кез келген түріне жол бермеуге.

4. Ата-аналық міндеттердің бұзылу салдары

Ата-аналық міндеттер орындалмаған жағдайда:

- баланың психологиялық жарақат алуы;
- мінез-құлықтың бұзылуы;
- агрессия немесе тұйықтық;
- құқықбұзушылыққа бейімділік қалыптасуы мүмкін.

Заңнамада ата-аналық міндеттерді орындамау **әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке** әкелуі мүмкін.

5. Баланың негізгі құқықтары

Әрбір баланың:

- өмір сүруге;
- қауіпсіздікке;
- зорлық-зомбылықтан қорғалуға;
- білім алуға;
- өз пікірін айтуға;
- құрметке;
- отбасында тәрбиеленуге құқығы бар.

Баланың құқықтары – **ата-ананың міндеттерімен тікелей байланысты.**

6. Баланың міндеттері бар ма?

Иә. Баланың да жасына сай міндеттері бар:

- ата-ананы сыйлау;
- отбасы мүшелеріне құрмет көрсету;
- оқуына жауапкершілікпен қарау;
- қоғам ережелерін сақтау.

Бірақ:

Баланың міндеті ешқашан зорлықпен орындалмауы тиіс.

7. Құқық пен міндет арасындағы тепе-теңдік

Отбасындағы үйлесім:

- ата-ана билігімен емес,
- қорқыту арқылы емес,
- **диалог пен өзара құрмет арқылы** қалыптасады.

Құқықтары сақталған бала:

- өзін қауіпсіз сезінеді;
- өзіне сенімді болады;
- жауапкершілікті үйренеді.

8. Тұрмыстық зорлық-зомбылық – құқықтың өрескел бұзылуы

Зорлық-зомбылық:

- тәрбие құралы емес;
- заңмен тыйым салынған;
- баланың тұлғалық дамуын тежейтін фактор.

Психологиялық, физикалық, эмоционалдық зорлықтың барлығы баланың құқықтарын бұзу болып табылады.

Ата-ана болу – тек құқық емес, ең алдымен үлкен жауапкершілік.

Баланың болашағы:

- заңды білуге;
- өз әрекетімізді бағалауға;
- баланы тұлға ретінде құрметтеуге тікелей байланысты.

Күтілетін нәтижелер:

Семинар–лекция соңында қатысушылар:

- ата-аналардың құқықтары мен міндеттерін нақты ажырата алады;
- баланың құқықтарын біледі;
- отбасындағы құқықтық мәдениет қалыптастырады;
- зорлық-зомбылықтың алдын алу маңызын түсінеді.

9 – 10 сабақ. «Мен кімін? Шын мәнінде мен қандаймын?» балаларға арналған тренинг

Бағыты: тұлғалық даму, өзін-өзі тану, психологиялық қолдау

Мақсатты топ: 9–14 жас аралығындағы балалар (қажет жағдайда 7–9 және 15–16 жасқа бейімдеуге болады)

Ұзақтығы: 60–80 минут

Өткізу формасы: топтық тренинг, интерактивті жаттығулар, рефлексия

Тренингтің мақсаты: балалардың өзін тұлға ретінде тануына, өз ерекшеліктерін қабылдауына, ішкі «Менін» түсінуіне және өзіндік бағасын қалыптастыруға жағдай жасау.

Тренингтің міндеттері:

- Баланың өзін-өзі тану қабілетін дамыту;
- «Мен» бейнесін саналы түрде қалыптастыру;
- Эмоцияларын тану және білдіру дағдыларын жетілдіру;
- Өзін қабылдау мен өзіне деген сенімді арттыру;
- Басқалардан айырмашылықты қалыпты құбылыс ретінде қабылдату.

Күтілетін нәтижелер:

Тренинг соңында балалар:

- өздерін жақсырақ тани бастайды;
- жағымды және жағымсыз қырларын ажырата алады;
- өзіндік құндылық сезімі артады;
- эмоцияларын сөзбен жеткізе алады;
- топта өзін қауіпсіз сезінеді.

«Әр адам – ерекше. Бірақ кейде біз өзімізді толық танымаймыз. Бүгін біз өзімізбен танысамыз. Бұл жерде дұрыс немесе бұрыс жауап жоқ. Ең бастысы – шынайылық».

Топ ережелері:

Балалармен бірге қабылданады:

- бір-бірін тыңдау;
- күлмеу, мазақтамау;
- әркімнің пікірін құрметтеу;
- айтылған әңгіме топ ішінде қалады;
- белсенділік, еріктілік.

ТАНЫСУ ЖӘНЕ ІШКІ БАЙЛАНЫС ОРНАТУ (10 минут)

Жаттығу «Менің атым – менің бір қырым»

Әр бала:

- өз атын айтады;

- атына байланысты бір қасиетті қосып айтады (мысалы: «Мен – Айару, мен мейірімдімін»).

Мақсаты:

Өзін таныстыру, өзіндік қасиеттерді сезіну.

Жаттығу «Мен кімін?» (терең өзін-өзі тану)

Тапсырма:

Балаларға «Мен кімін?» деген сұрақ жазылған парақ таратылады. Олар кемінде **10 жауап** жазады.

Мысалы:

- мен баламын;
- мен дос бола аламын;
- мен кейде ашуланамын;
- мен қиялдаймын;
- мен қателесемін.

Талқылау:

- Қай жауапты жазу оңай болды?
- Қайсысы қиын болды?
- Өзің туралы жаңа не білдің?

Жаттығу «Менің ішкі әлемім» (эмоциялық карта)

Материал: қағаз, түрлі түсті қарындаштар

Тапсырма:

Балалар өздерін шеңбер түрінде бейнелейді.

Ішіне:

- жиі болатын сезімдерді (қуаныш, қорқыныш, реніш);

Сыртына:

- өзгелер көретін қасиеттерді жазады.

Мақсаты: ішкі және сыртқы «Мен» айырмашылығын түсіну.

Жаттығу «Мен туралы басқалар не ойлайды?» (рефлексия)

Балалар сөйлемдерді аяқтайды:

- «Мен туралы басқалар мені ... деп ойлайды»
- «Ал шын мәнінде мен ...»

Талқылау:

- Басқалардың ойы әрқашан шын бола ма?
- Өзіңді сен жақсы білесің бе?

Жаттығу «Менің күшті және әлсіз жақтарым»

Тапсырма:

Парақ екіге бөлінеді:

- «Менің күшті жақтарым»
- «Маған қиын болатын тұстар»

Маңызды түсіндіру: әлсіз жақ – жамандық емес, ол дамуға мүмкіндік.

Топтық жұмыс «Біз әртүрліміз – бұл жақсы»

Балалар бір-бірінен айырмашылықтарды атайды:

- мінез;
- қызығушылық;
- қабілет.

Қорытынды:

Әртүрлілік – топтың күші.

Рефлексия «Мен бүгін білдім...»

Балалар сөйлемдерді аяқтайды:

- «Мен өзім туралы білдім...»
- «Мен өзімді ... ретінде қабылдаймын»
- «Маған ұнаған қасиетім...»

Жаттығу «Мен – құндымын»

Әр балаға қағаз беріледі, оған жазылады:

«Мен – құндымын, себебі ...»

Балалар қаласа, дауыстап оқиды.

«Өзіңді тану – өмір бойы жалғасатын жол. Бүгін сен осы жолдың бір қадамын жасадың. Сен қандай болсаң да – маңыздысың».

Психологиялық маңызы:

Бұл тренинг:

- өзіндік бағасы төмен балалармен;
- дезадаптация белгілері бар оқушылармен;
- агрессия немесе тұйықтық байқалатын балалармен тиімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

11 – 12 сабақ. «Жасөспірімдердің әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі» ата-аналарға арналған лекциялар

Мақсаты: ата-аналардың жасөспірімдердің әкімшілік және қылмыстық жауапкершілігі жөніндегі білімін тереңдету, құқықтық нормаларды өмірлік жағдайлармен байланыстыра отырып саналы түсінуін қамтамасыз ету, ата-аналық жауапкершілікті күшейту.

Қазіргі қоғамда жасөспірімдердің мінез-құлқы, құқықтық санасы және әлеуметтік бейімделуі ата-аналар үшін ең өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Жасөспірімдік кезең – тұлғаның қалыптасуындағы ең күрделі, ең қайшылықты уақыт. Бұл кезеңде бала өз «Менін» іздейді, дербестікке ұмтылады, беделді құрдастар ортасынан табуға тырысады, ал эмоциялық тұрақсыздық пен өмірлік тәжірибенің жеткіліксіздігі оны қате шешімдерге жетелеуі мүмкін. Осындай жағдайда ата-ананың құқықтық сауаттылығы мен жауапкершілігі ерекше маңызға ие болады.

Жасөспірімнің жасаған әрбір әрекеті тек тәрбие тұрғысынан ғана емес, заң тұрғысынан да бағаланады. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жасөспірімдер белгілі бір жастан бастап әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікке тартылады. Көптеген ата-аналар баласының «әлі кішкентай» екенін алға тартып, оның әрекеттерінің құқықтық салдарын ескере бермейді. Алайда заң баланың жасына емес, оның әрекетінің қоғамдық қауіптілігіне сүйенеді.

Әкімшілік жауапкершілік – қоғамда қабылданған тәртіпті бұзғаны үшін қолданылатын құқықтық ықпал ету шарасы. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес әкімшілік жауапкершілік, әдетте, он алты жастан бастап туындайды. Жасөспірімдер арасында жиі кездесетін әкімшілік құқықбұзушылықтарға қоғамдық орындардағы тәртіпті бұзу, ұсақ бұзақылық, бейәдеп сөздер қолдану, түнгі уақытта ата-анасыз немесе заңды өкілінсіз жүру, қоғамдық орында темекі немесе алкоголь өнімдерін пайдалану, бөтен мүлікті қасақана бүлдіру, жол қозғалысы ережелерін бұзу, сондай-ақ буллинг пен кибербуллинг элементтері жатады.

Әкімшілік жауапкершілік шаралары ретінде ескерту, айыппұл салу, арнайы профилактикалық есепке қою, мінез-құлқына бақылау орнату сияқты шаралар қолданылады. Бұл ретте айта кететін маңызды жайт – көп жағдайда айыппұлды ата-ана төлейді. Бұл ата-ананың баланың әрекетіне жанама түрде жауапты екенін көрсетеді. Яғни, баланың әкімшілік құқықбұзушылығы – тек баланың емес, отбасының да мәселесі.

Қылмыстық жауапкершілік – қоғам үшін аса қауіпті әрекеттерге байланысты туындайтын ең қатаң жауапкершілік түрі. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне сәйкес қылмыстық жауапкершілік жалпы жағдайда он алты жастан басталады, ал адам өлтіру, ауыр дене жарақатын келтіру, ұрлық, тонау, қарақшылық, зорлау,

бопсалау, есірткі заттарымен байланысты қылмыстар сияқты ауыр және аса ауыр қылмыстар үшін қылмыстық жауапкершілік он төрт жастан басталады.

Жасөспірімдер көбіне өз әрекетінің қылмыс екенін толық түсінбей жатады. Олар үшін бұл «ерлік», «батылдык», «достар алдында бедел» сияқты болып көрінуі мүмкін. Алайда заң тұрғысынан мұндай әрекеттер ауыр салдарға әкеледі. Қылмыстық жауапкершілікке тартылған жасөспірім сот үкімімен арнайы есепке алынады, кей жағдайда арнайы оқу-тәрбиелеу мекемелеріне жіберіледі, бас бостандығын шектеу немесе айыру жазасына тартылуы мүмкін. Ең қауіптісі – сотталғандық мәртебесі жасөспірімнің болашақ өміріне ұзақ уақыт бойы әсер етеді: жоғары оқу орнына түсуіне, белгілі бір мамандықтарды таңдауына, жұмысқа орналасуына кедергі келтіреді.

Осы жерде ата-ананың рөлі ерекше көрінеді. Заң бойынша ата-ана баласының тәрбиесіне, мінез-құлқына, бос уақытын ұйымдастыруға және қауіпсіздігіне толық жауапты. Ата-ананың бақылаусыздығы, немқұрайлылығы немесе шектен тыс қаталдығы баланың құқықбұзушылыққа баруына алғышарт болады. «Мен білмедім», «ол өзі шешті», «достары ықпал етті» деген уәждер заң алдында ата-ананы жауапкершіліктен босатпайды.

Ата-аналық жауапкершілік тек бақылаумен шектелмейді. Ол ең алдымен баламен сенімді қарым-қатынас орнатудан, оның ішкі күйін түсінуден, қиындықтарын дер кезінде байқаудан басталады. Баламен құқық туралы әңгіме қорқыту немесе жазамен емес, түсіндіру және нақты мысалдар арқылы жүргізілуі тиіс. Жасөспірім заңды тек тыйым ретінде емес, өзінің қауіпсіздігін қорғайтын құрал ретінде қабылдауы қажет.

Құқықбұзушылықтың алдын алу – жазалаудан әлдеқайда тиімді. Ол отбасындағы ашық диалогқа, өзара құрметке, ата-ананың жеке үлгісіне негізделеді. Бала ата-анасының әрекетін қайталайды, сондықтан ата-ана заңға құрмет көрсетпей, баладан тәртіп күтудің мәні жоқ.

Қорытындылай келе, жасөспірімнің әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тартылуы – кездейсоқ жағдай емес. Бұл – отбасындағы тәрбие, бақылау және қарым-қатынастың нәтижесі. Ата-ананың басты міндеті – баланы жазадан қорғау емес, оны қылмысқа апармайтын, қауіпсіз және жауапты орта қалыптастыру. Баланың болашағы сот залында емес, отбасындағы күнделікті қарым-қатынаста шешіледі.

1-ТАПСЫРМА. «ҚҰҚЫҚТЫҚ ШЕКАРА» (САРАПТАМАЛЫҚ ТАЛДАУ)

Тапсырманың мазмұны: ата-аналарға төмендегі әрекеттер ұсынылады. Әр жағдайды талдап, кестені толтырыңыз.

Жағдайлар:

1. 15 жастағы жасөспірім достарымен бірге дүкеннен ұсақ затты жасырын алып шықты.

2. 16 жастағы бала түнгі сағат 23:30-да ата-анасыз көшеде жүр.
3. 14 жастағы жасөспірім әлеуметтік желіде сыныптасын көпшілік алдында қорлады.
4. 17 жастағы бала бөтеннің мүлкін әдейі бүлдірді.

Талдау кестесі:

Жағдай	Құқықбұзушылық түрі	Жауапкершілік түрі	Кім жауап береді	Мүмкін салдар

Күрделілік элементі: әр жағдай бойынша ата-ананың алдын алу әрекеттерін жеке пункт ретінде жазыңыз.

2-ТАПСЫРМА. «ЖАСӨСПІРІМНІҢ КӨЗҚАРАСЫ» (РӨЛДІК-РЕФЛЕКСИВТІ ТАПСЫРМА)

Тапсырма:

Өзіңізді құқықбұзушылық жасаған жасөспірімнің орнына қойып, төмендегі сұрақтарға жазбаша жауап беріңіз:

- Мен бұл әрекетті не үшін жасадым?
- Мен заңды білдім бе, әлде мән бермедім бе?
- Мен қандай салдар болатынын ойладым ба?
- Мен ата-анама бұл туралы айтқым келер ме еді?

Талқылау мақсаты:

- Жасөспірім логикасының ерекшелігін түсіну
- «Бала бәрін біледі» деген стереотипті жою

3-ТАПСЫРМА. «АТА-АНАНЫҢ ҮШ ҚАТЕЛІГІ» (ТЕРЕҢ РЕФЛЕКСИЯ)

Тапсырма:

Төмендегі сөйлемдерді аяқтаңыз:

1. Балам құқықбұзушылық жасаса, мен көбіне ...
2. Мен заң туралы сөйлескенде балама ... тәсілді қолданамын
3. Менің ең үлкен қателігім – ...

Күрделі шарт:

Әр жауаптан кейін міндетті түрде:

«Бұл әрекет баламды қандай қауіпке әкелуі мүмкін?» деген сұраққа жауап жазыңыз.

4-ТАПСЫРМА. «ЖАУАПКЕРШІЛІК ПИРАМИДАСЫ» (АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖҰМЫС)

Тапсырма:

Төмендегі үш деңгей бойынша жауапкершілікті сипаттаңыз:

1. **Бала деңгейі** – не үшін жауапты?
2. **Ата-ана деңгейі** – не үшін жауапты?
3. **Мектеп және қоғам деңгейі** – не үшін жауапты?

Қосымша күрделендіру: әр деңгейдегі жауапкершілік орындалмаса, қандай салдар болатынын жазыңыз.

5-ТАПСЫРМА. «БОЛАШАҚҚА ӘСЕРІ» (ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ БОЛЖАУ)

Тапсырма:

Кестені толтырыңыз:

Құқықбұзушылық	Қысқа мерзімді салдар	Ұзақ мерзімді салдар	Баланың өміріне әсері

Мақсаты:

Құқықбұзушылықтың «бір сәттік қателік» емес екенін ұғындыру.

6-ТАПСЫРМА. «АЛДЫН АЛУ СТРАТЕГИЯСЫ» (ПРАКТИКАЛЫҚ ЖОСПАРЛАУ)

Тапсырма:

Өз отбасыңызға арнап шағын профилактикалық жоспар құрыңыз:

